



ӘКІМ



СЕНІМДІ СЕРІКТЕС
Алматы әкімдігі
ынтымақтастық
туралы меморандумға
қол қойды

3

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ
ҰЛТ МҮДДЕСІ**

6-7

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

**АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ**
бүгін, 9 ақпанда, сағат 9.00-де
Бостандық ауданының
тұрғындарымен кездеседі.
Жүздесу «Алматы»
шағынауданы, 42
мекенжайындағы №125 жалпы
білім беретін мектепте өтеді.
Кездесуді онлайн-режимде
«Алматы» телеарнасының
YouTube парақшасынан және
Бостандық ауданы әкімдігінің
Facebook парақшасынан көруге
болады.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

9.02.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Кей уақытта тұман,
жол бойында көктайғақ.

Күндіз:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты, күннің екінші
жартысында жауын-шашын
(жаңбыр, қар). Кей уақытта
тұман, жол бойында
көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

10.02.2023

Түнде:



-4-6 °C

Бұлтты, қар, кей
уақытта қатты.
Кей уақытта тұман, көктайғақ.

Күндіз:



0,-2 °C

Бұлтты, қар, кей
уақытта қатты.
Кей уақытта тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



САЙТҚА
ӨТУ ҮШІН
QR-кодты
СКАНЕРЛЕУ
КЕРЕК

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №20 (6313) 9 ақпан, бейсенбі, 2023 жыл.

[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCk23M2xJCHx68r1JgqyqEA](https://www.youtube.com/channel/UCk23M2xJCHx68r1JgqyqEA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](https://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](https://twitter.com/aqshamy_kz)

ПРЕЗИДЕНТ

БІЗ БІРГЕМІЗ!

Қазақ елі бауырлас Түркияға жан-жақты қолдау көрсетеді

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт
Тоқаев Түркия
Республикасының
Қазақстандағы
елшілігіне барып,
бауырлас елдің
оңтүстік-
шығысында болған
алапат зілзала
салдарынан
мыңдаған адамның
қаза табуына
байланысты көңіл
айтты.
Қазақстанның
жан-жақты қолдау
көрсететінін
жеткізіп, көңіл айту
кітабына жазба
қалдырды.



– Түркияда болған жойқын жер сілкінісі салдарынан көп
адамның қаза болуы баришамыздың қабырғамызды қайыстырды.
Қазақстан халқының және жеке өз атымнан түрік
бауырларымызға көңіл айтамын, – деп жазды Мемлекет басшысы.
Түркияның зардап шеккен аудандарындағы іздеу-құтқару
жұмыстарына көмектесу үшін Қазақстаннан шұғыл түрде
құрамында құтқарушылар мен дәрігерлер бар екі топ аттанғаны

белгілі. Мемлекет басшысының Үкіметке берген тапсырмасы
бойынша жойқын жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен
Түркияға шұғыл көмек ретінде 1 миллион доллар бөлінеді.
Сондай-ақ, еліміздің өкілетті органдары түрік тарапымен бірлесіп,
зілзаланын зардабын жою үшін қосымша көмек көрсету мәселесін
қарастырып жатыр, бауырлас елге гуманитарлық көмек көрсету
шаралары қолға алынуда.

8

САЙЛАУ–2023

ҮМІТКЕРЛЕР ҰСЫНУ мерзімі аяқталды



Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы саяси
партиялардың құжаттарын қабылдау туралы ақпараттық
хабарлама жариялады. Сонымен, 8 ақпан күні кешкі сағат 18.00-де
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну
мерзімі аяқталды.

2

ҚЫСҚА...

- Президент Үкіметке жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Түркияға шұғыл көмек ретінде 1 миллион доллар бөлуді тапсырды.
- Президенттің бес өңірдегі резиденциялары балалар игілігіне беріледі.
- Сенатта Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қызметін жетілдіру талқыланды.
- Қазақстандағы сайлауға ЕҚЫҰ-дан 332 байқаушы келеді.
- Сайлау–2023: Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну аяқталды.
- Димаш Құдайберген Түркияға қаржылай қолдау көрсетеді.
- Қазақстандық құтқарушылардың екінші эшелоны Түркияға аттанды.
- Түркияда тұратын қазақстандықтар зардап шеккендерге 34 млн теңге жинады.
- ҚР СІМ: Түркиядағы жағдайға орай ашылған жедел желі +7 (7172) 72-05-00 арқылы азаматтарымыз көмек сұрай алады.
- 2023 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 1539 этникалық қазақ қандас мәртебесін алды.
- 1991 жылдан бері елімізге 1 миллион 108,5 мың этникалық қазақ оралды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қазақстан кәсіпкерлерінің құқығын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновті қабылдады.

Президентке сала бойынша атқарылған жұмыстар мен отандық бизнесті одан әрі қолдау және кәсіпкерлердің мүддесін қорғау жоспары жөнінде мәлімет берілді. Рустам Жүрсінов 2022 жылы 4408 өтініш келіп түскенін, оның 1530-ы (34%) оң шешімін тапқанын және 1030 (23%) өтініш бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Бизнес-омбудсмен былтыр еліміздің барлық өңірінде кәсіпкерлермен кездесу өткізген. Уәкіл өткен жылы рейдерлікке қарсы күресті күшейтуге және бизнесті мемлекеттік органдардың заңсыз араласуынан қорғауға қатысты түзетулер заңнамаға енгізілгенін жеткізді. Сонымен қатар, Президентке кәсіпкерлік қызмет саласына жана реттеуші саясатты енгізу жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан кәсіпкерлерінің құқығын қорғау жөніндегі уәкілдің есебін қабылдап, бизнеске қатысты әкімшілік кедергілерді анықтауға және оларды жою шараларын әзірлеуге бағытталған бір-қатар тапсырма берді.

■ СЕНАТ

Сенатта таныстырылымы өткен Әлеуметтік кодекстегі жаңалықтардың қатарында әр отбасында цифрлық қартаның болатыны, жұмыспен қамту саласына жаңа тәсілдерді енгізу, арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жетілдіру мәселелері бар.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіптің айтуынша, Әлеуметтік кодекс – бұл елдегі әлеуметтік саясатты жақсарту жолындағы тағы бір қадам болып отыр. «Әлеуметтік кодекс жобасында ана мен баланы ұлттық демографиялық саясаттың факторы ретінде қолдау тетіктері, еңбек нарығын дамытуды ұйымдастыру және жұмысқа орналасуға көмек көрсету, аз қамтылған отбасылардың материалдық әлауқатын арттыруға көмектесу, арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жетілдіру, мүгедек адамдарды әлеуметтік қорғау және т.б. бойынша жаңа шаралар көзделген», – деді сенатор.

Жалпы алғанда Кодекс жобасында Қазақстанның әлеуметтік саласын нығайту мен дамыту үшін базалық жағдайлар жасауға бағытталған 50-ден астам заңға өзгерістер мен толықтырулар көзделген.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев биыл 15,3 млн шаршы метр тұрғын үйді (соның ішінде мемлекеттік қолдау есебінен) пайдалануға беру жоспарланғанын айтты.

Бұл ретте кезекте тұрғандарға жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдетілген несие және жалдауға субсидиялар беру көзделген. Сонымен қатар, көпшәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеу бойынша жұмыс жалғасуда. Бүгінгі күні күрделі жөндеуді қажет ететін кондоминиум объектілерінің үлесі 31,1%-ға дейін төмендеді. Кейбір өңірлерде тұрғын үй қорының жоғары тозуы сақталуда. Атап айтқанда, Абай облысында – 67%, Батыс Қазақстан облысында – 63,9%, Ақмола облысында – 59,2%, Жетісу облысында – 52,6% және Алматы қаласында – 52,4%. Жалпы, былтыр 11 өңірінде 215 көпшәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Апатты жағдайдағы тұрғын үй иесінің мәселелерін шешу және елдімекендердің сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында бұзылатын үйлердің тізбесін айқындай отырып, қабылданған реновациялау бағдарламалары өзектендірілетін болады. 2029 жылға 1500 үйді бұзу және 40 мың меншік иесінің тұрғын үй мәселелерін шешуді қамтамасыз ету жоспарланған, оның ішінде биыл 3 мыңнан астам меншік иесін қамтитын 120 көпшәтерлік тұрғын үй бар.

■ КӨШІ-ҚОН

Шетелдіктердің Қазақстанда тұрақты тұруына рұқсаттар ресімдеу қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Қазақстанмен көші-қон келісімдері бар елдердің азаматтары біздің елімізге ішкі құжаттармен кіре алады, шыға алады, транзитпен өте алады, жүре алады және уақытша бола алады. Алайда, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсат алуы үшін шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын және олардың құқықтық мәртебесін растайтын құжат ретінде шетелдік паспорт қажет. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру үшін 6 қаңтар күні ПІМ-нің бұйрығымен тұрақты тұруға рұқсаттар ресімдеу қағидаларына өзгерістер енгізілді. Енді шетелдіктерге тұрақты тұруға өтініш берген күні жарамдылық мерзімі кемінде 180 күнтізбелік күнді құрайтын өзінің шетелдік паспорттың ұсыну қажет. Уақытша тұруға рұқсаттар алу үшін тұрғын үй иесінің, оның атынан сенімхат бойынша әрекет ететін адамның баруы не болмаса меншік иесінің нотариалды расталған келісімі қажет. Өзгерістерге сәйкес рұқсаттар ресімдеген кезде көрсетілетін мекенжайда оның тіркеу коды болуы тиіс. Осы шаралар шетелдіктерді жоқ мекенжайларға, сондай-ақ өтініш иесіне қатысы жоқ мекенжайларға тіркеу мүмкіндігін жою мақсатында қабылданды.

■ ТУРИЗМ

Қазақстандықтар Милан (Италия), Ираклион (Грекия), Нячанг (Вьетнам), Кувейт (Кувейт), Анкара (Түркия), Маз аралы (Сейшел аралдары) мен Түменге (Ресей) тікелей қатынай алады, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Telegram-арнасы.

Туризм индустриясы комитеті хабарлағандай, Қазақстан 2022 жылы 7 елге 10 жаңа әуе бағытын ашқан. Жаңа бағыттардың ашылуы елге шетелдік туристердің көптеп келуіне де оң әсер етті. Мысалы, өткен жылы Қазақстанға келген шетелдік туристер саны алдағы жылмен салыстырғанда 3 есеге артқан.

«Қазір Туризм комитеті жаңа әуе бағыттарын ашу бойынша жұмыс істеп жатыр. Ұйымдастыру шаралары аяқталған кезде біз жұртшылықты хабардар етеміз. Тікелей рейстердің ашылуы еліміздің туристік тартымдылығын арттыратыны сөзсіз. Мысалы, былтыр Атырау облысына барған туристер саны 3,5 есе өскен. Бұл өңірдің транзиттік әлеуетіне де байланысты. Қазақстанға келген әрбір 4-ші турист Алматы қаласына барады. 2022 жылы оңтүстік астанамыз 1,2 млн-нан астам турист қабылдаған. Бұл рекордтық көрсеткіш. Еліміздегі тау шаңғысы курорттарына келген туристер саны 1,5 миллионға дейін жетті. Жыл сайынғы өсім 20%-ды құрады. Еліміздегі тау шаңғысы туристерінің саны жағажай туристерінің санымен теңесті», – деп атап өтті Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, Polisia.kz «АҚШАМ-АҚПАРАТ».)

● ЭКОНОМИКА

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ –
БАСТЫ БАҒДАР

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырудың жаңа тәсілдері қаралды



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырудың жаңа тәсілдерін іске асыру шаралары қаралды.

Бұл туралы Primeminister.kz сайты хабарлады. Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин биылғы қаңтар айының қорытындысы бойынша инфляция 1,1%-ды құрағанын, оның ішінде азық-түлік бойынша инфляция 1,4%-ды, азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы 0,9%-ды, ақылы қызметтер бойынша 0,7%-ды құрағанын хабарлады. Азық-түлік инфляциясының ең жоғары деңгейі Астана мен Шымкентте (2,2%-дан), Қызылорда және Солтүстік Қазақстан (1,8%), Ақтөбе (1,7%) және Ұлытау (1,5%) облыстарында қалыптасты.

Қазіргі уақытта республикада бағаны тұрақтандыру құралдары қайта қаралды. Мәселен, «айналым схемасы» шеңберінде қарыз беру бойынша тәсіл қайта форматталды – қазір тікелей өндірушілерге беріледі, тұрақтандыру қорларын қалыптастыру тетігі өзгертілді – өнімді сатып алу егін жинау кезеңінде, яғни нарықта бағалар бәсекелестікте кезде жүреді, ал олар маусымаралық кезеңде сатылады.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы өндірушілерінен өнімді сатуға дейін сақтауға мүмкіндік беретін келісім-шарт жасауға форвардтық сатып алу тетігі енгізілді. Бүгінгі таңда 2022 жылғы егін келісім-шарты бойынша нақты қорлар: пияз – 110%, картоп – 105%, сәбіз – 87%, қырыққабат – 70%. Қазіргі уақытта сауда объектілері арқылы пиязды сатып бастау туралы тапсырма берілді. Серік Жұманғарин республиканың барлық ірі сауда желілері бағаны тұрақтандыру жұмыстарына қатысатынын айтты.

Премьер-Министр 2023 жылға арналған негізгі міндеттердің бірі 2023 жылдың қорытындысы бойынша инфляцияның деңгейін 9,5%-дан асырмау екенін айтып өтті. Бұған қол жеткізуге әбден болады. Тек бұл үшін барлық өңірлердің азық-түлік бағасын тұрақтандыру, әсіресе, маусымаралық кезеңде бағаны ұстап тұру бойынша белсенді жұмысы қажет.

Үкімет басшысының айтуынша, әкімдіктерге барлық қажетті тетіктер ұсынылды, қаражат бөлінді, алайда жергілікті жерлерде аталған мәселеге салғырт қараудың

салдарынан бағаның өсуі тоқтайтын емес. «Әкімдер өнім көлемі жеткілікті деп бірнеше рет айтты. Онда пияз неліктен қымбаттайды? Біздің елімізде пияз көп өседі. Алайда, бағаны төмендету үшін пияз экспортына тыйым салып, шұғыл шаралар қабылдауға мәжбүр болдық. Тағы да қайталап айтамын: азық-түлік өнімдеріне бағаны тұрақтандыру – Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың аса маңызды міндеті. Жұмысқа немқұрайлы қарау орын алса және нәтиже болмаса, тиісті шешімдер қабылданады», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы сатып алу-сату кезіндегі тауарлар көлемі мен бағасын ерекше бақылауға алуды тапсырды. Осы орайда Премьер-Министр әкімдіктерден тек бақылау-кассалық аппараттарды қолданатын сауда объектілерінде тұрақтандыру қорларынан өнімдерді сатуды жүзеге асыруды талап етті.

Сонымен қатар, Премьер-Министр барлық аудандарды қамти отырып, тұрақты негізде арнайы жәрмеңкелер өткізу және бағаны, көлемді, қарсы міндеттемелерді және айыппұл санкцияларын белгілеу жөніндегі міндетті шарттарды көрсете отырып, форвардтық сатып алу шартының бірыңғай форматын әзірлеу қажеттігін атап өтті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● САЙЛАУ – 2023

ҮМІТКЕРЛЕР ҰСЫНУ
мерзімі аяқталды

(Басы 1-бетте)

«2023 жылғы 8 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына келесі саяси партиялардың партиялық тізімдері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды ұсыну туралы құжаттар ұсынылды:

1. «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі;
2. «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі;
3. «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» республикалық қоғамдық бірлестігі;
4. «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» қоғамдық бірлестігі;
5. «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі;
6. «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігі;

7. «Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігі, – делінген ҚР Орталық сайлау комиссиясының ақпараттық хабарламасында.

Мәжіліс депутаттарын кезектен тыс сайлау 19 наурызға белгіленгені белгілі. «АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін хабарлағандай, Орталық сайлау комиссиясы Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлаудың күнтізбелік жоспарын бекіткен болатын. Оған сәйкес, кандидаттарды ұсыну сайлауды тағайындау туралы Жарлық жарияланған күннен басталады және 20 күнге созылады, 8 ақпанда әр аймақта жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады. Үміткерлерді тіркеу 20 қаңтардан 18 ақпанға дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт-насихат 18 ақпан күні сағат 18.00-де басталып, 18 наурыз сағат 00.00-ге дейін жүргізіледі. 18 наурыз – тыныштық күні. 19 наурыз – сайлау күні.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖҰМЫС САПАРЫ

Өткен аптада Алматыға жұмыс сапарымен Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов пен Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов келіп, алып шаһардағы мәдени нысандарды аралады.

АЛМАТЫНЫҢ МӘДЕНИ НЫСАНДАРЫ

қаланың визиттік
картасына айналады

Билік өкілдерінің айтуынша, Алматыдағы мәдениет нысандары халықтың игілігіне жұмыс істеп қана қоймай, қаланың визиттік картасына, тартымды орындарының біріне айналады.

Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловпен бірге бірқатар мәдениет мекемесін аралап көрген Үкімет басшысының орынбасары Алтай Көлгінов мәдениет нысандарының құрылысына, оларды жаңғырту ісіне ерекше көңіл бөлу қажет екендігін айтты.

Сапар барысында қонақтар М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының жұмысымен танысып, Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов, Мұрат Әуезов сынды мәдениет және өнер қайраткерлерімен және басқа да белгілі сала майталмандарымен кездесу өткізді.

Бұл туралы басшылар өздерінің әлеуметтік желідегі парақшаларында жариялап, сала мамандарының өтініш-тілектері ескерілетінін, сонымен-қатар, материалдық-техникалық жарақтандыру, қызметкерлердің еңбекақысы және т.б. секілді мәселелерді шешу үшін барлық қажетті жұмыстар жүргізілетінін жазды. Билік өкілдері сондай-ақ, әйгілі театр ғимаратын қалпына келтіру бойынша дайындық жұмыстарының барысын зерделеді. Одан кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрына барып, музыканттармен, балет труппасымен, тігін цехтарының қызметкерлерімен кездесіп, театрдың ішкі өмірімен танысты. Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушылармен де кездесу өткізді.

Сонымен қатар, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада болды.

Премьер-Министрдің орынбасары мәдениет нысандарының құрылысына ерекше көңіл бөлінетінін айтса, Мәдениет және спорт министрі өзінің парақшасында министрліктің қатысуын талап ететін мәселелердің шешілетін күні алыс емес екенін жазды.

ӘКІМ

СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Алматы әкімдігі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды



Шаһар басшысы Ерболат Досаев Wildberries халықаралық маркетингтік компаниясының негізін қалаушы Татьяна Бакальчукпен кездесті. Кездесу барысында тараптар Алматы индустриялық аймағының аумағында логистикалық орталық салу мүмкіндігін талқылады.

Wildberries логистикалық орталықтың құрылысына шамамен 100 миллион АҚШ долларын инвестициялауды жоспарланып отыр. Инвестициялық жоба аясында мегаполис кәсіпкерлеріне интернет арқылы сату нарығында олардың бизнесін кеңейтуге жәрдемдесу күтіледі.

«Мен Алматыда және Астанада Wildberries дамуын байқадым. Аяқ алысы өте жақсы, компания жылдам қарқынмен дамып келеді. Сапалы қызмет көрсетіп, лайықты орын алдыңыздар. Сіздің компанияңыздың Ресейдегі үлесі жоғары екені түсінікті, бірақ Қазақстан бизнес үшін сенімді серіктес бола алады. Біз тұрақтымыз, ашықпыз. Біз үшін маңызды міндеттің бірі – жергілікті инвестор үшін де, шетелдік инвестор үшін де бизнесті жүргізу

үшін қолайлы жағдай жасау», – деп атап өтті әкім Ерболат Досаев.

Татьяна Бакальчук Алматыда логистикалық орталықтың құрылысы қазақстандық өндірушілер үшін Wildberries-пен айналысатын барлық өңірдегі нарыққа автоматты түрде жол ашады деп сенеді.

«Біз Қазақстанмен серіктестікке мүдделіміз, қызметімізді кеңейтуге дайынбыз. Біздің алаңда түрлі өнімдер, соның ішінде қазақстандық кәсіпкерлердің өнімдері ұсынылған және жақын арада сіздің еліміздің өнімі көбейеді деп үміттенеміз», – деді Татьяна Бакальчук.

Келіссөз қорытындысы бойынша тараптар өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы Цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары Серік Байғанин және «Көркем Телеком» ЖШС компаниясының бизнесті дамыту жөніндегі директоры Арман Әлмерекөв «Сергек» бейнебақылау жүйесінің жұмысы туралы айтып берді.

ҚОҒАМДЫҚ КАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

«Көркем Телеком» ЖШС компаниясының бизнесті дамыту жөніндегі директоры Арман Әлмерекөв жүргізуші тәртібінің жақсаруына бейнебақылау жүйесі әсер етті деп есептейді. Мұны жол-көлік оқиғалардың көрсеткіштері де көрсетіп отыр. Осылайша «Сергек» камералары орнатылғалы бері жол-көлік оқиғаларынан қаза болғандар саны 40%-ға (2019 жылғы 161-ден 2022 жылы 96-ға дейін) қысқарды.

«Жобаны іске асыру жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін камералардың жолдардағы апаттардың негізгі көрсеткіштерін төмендетуге айтарлықтай ықпал ететінін көрсетеді, өйткені жоғары жылдамдық апат қауіпінің артуына да, зардаптардың ауырлығының артуына да әкеледі. Бүкіл әлем бойынша жүргізілген көптеген зерттеулерге сәйкес, бақылау камералары ауыр жарақаттармен немесе өліммен болатын апаттарды 11%-дан 44%-ға дейін төмендетуі мүмкін. Осылайша «Сергек» камералары орнатылғаннан бері жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар саны 40 пайызға (2019 жылғы 161-ден 2022 жылы 96-ға дейін) азайды», – деді Арман Әлмерекөв.

Спикер «Сергек» жүйесі жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсартуға ғана көмектесіп қоймайтынын түсіну маңызды екенін атап өтті. Барлық «Сергек» кешендері арнайы желілік бақылау камераларымен жабдықталған, олар желілік учаскелер мен қиылыстарда барлық аппараттық-бағдарламалық кешендерден барлық оқиғалар бейнеге түсіріледі, сол арқылы қоғамдық қауіпсіздікті бақылауға



мүмкіндік жасалған. Қажет болған жағдайда Полиция департаменті қала көшелерінде орын алған қылмыстарды ашу үшін осы камераларды пайдаланады.

ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА, ӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

«Сергек» жүйесі тәулік бойы режимінде кемінде 30 күн бойы деректердің сақталуын қамтамасыз етеді. 30 күндік бейнесуреттерді сақтау мерзімі Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ұлттық бейнебақылау жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында айқындалған.

Брифингтің екінші қатысушысы Алматы қаласы Цифрландыру басқармасы басшысының орынбасары Серік Байғанин «Сергек» зияткерлік жүйесі қаланың көлік жүйесінің параметрлері бойынша қаладағы көліктердің саны және олардың негізгі бағыттары, сапарлардың ұзақтығы және көлік құралдарының

экологиялық әсері туралы көптеген деректерді жинауға, өңдеуге және жинақтауға мүмкіндік беретінін айтты. Мысалы, қазір Алматыда жұмыс күндері 555 мыңға дейін көлік қозғалады, оның ішінде таңертеңгі және кешкі қарбалас уақытта 170 мыңға дейін көлік қозғалысы байқалады. Тәулігіне барлық көліктер 16 млн км жол жүреді. Осы деректердің көмегімен қаладағы тартылыс аймақтарын анықтауға, болашақ маршруттарды болжауға, сол арқылы қаладағы болашақ жол-көлік қозғалысының моделін құруға болады.

Серік Байғанин «Сергек» тек жол қауіпсіздігі ғана емес, қоғамдық қауіпсіздікті де қамтамасыз ететінін атап өтті. Қауіпсіздік камералары қоғамдық орындарда, қаланың криминалгендік аймақтарында, мектептердің жанында, тұрғын үйлердің аулаларында орнатылған. Камералардың орналасатын жерін қаланың Полиция департаменті тек жол-көлік оқиғалары мен ондағы адам өлімі бо-

«СЕРГЕК»

жолдағы апатты азайтты

йынша ғана емес, қоғамдық орындарда жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша да жағдайды талдауға байланысты таңдайды.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Қазіргі уақытта жүйені 575 «Сергек» АБК кеңейту жоспарлануда (493 – желілік учаскелерде, 82 – жол қиылыстарында). Бұл бастаманы жүзеге асыру Алматы жолдарындағы өлім-жітім деңгейін одан әрі 30%-ға төмендетуге және қаланың әсіресе апатты жол учаскелерін толығымен жабуға мүмкіндік береді.
- Алматы Полиция департаментінің мәліметінше, 2022 жылы «Сергек» жүйесі бойынша жалпы сомасы 8,332 млрд теңгеге 1 136 670 құқық бұзушылық анықталған. 2022 жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша жалпы сомасы 997,2 млн теңгеге 85 442 құқық бұзушылық тіркелді.
- Өткен жылдың деректерін алатын болсақ, жүйе күніне орта есеппен 3000-нан астам жол ережесін бұзуды тіркейді.
- «Сергек» жүйесі қазіргі уақытта Алматыдан басқа Қазақстанның 7 қаласында, атап айтқанда, Астана, Өскемен, Атырау, Шымкент, Түркістан, Тараз, Семейде бар.

Бетті дайындаған
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

ӘЛЕМ МАМАНДАРЫ БАС ҚОСТЫ

Сейсмикалық қауіпсіз құрылыс мәселесі талқыланды

Алматыда сейсмикалық белсенді өңірлердегі индустриялық құрылыста құрама темірбетон конструкцияларын қолдануға арналған халықаралық форум өткізілді. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Досбол
АТАЖАН

«ҚазҚСҒЗИ» АҚ ұйымдастырған халықаралық жиында Қазақстаннан бөлек Германия, АҚШ, Италия, Малайзия, Түркия, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Өзбекстанның құрылыс саласының сарапшылары бас қосты.

«ҚазҚСҒЗИ» АҚ бас директоры Бегман Құлбаев қазіргі экономикалық жағдайда әлеуметтік маңызды нысандар құрылысының қауіпсіздігі мен экологиялық тазалығын қамтамасыз етіп, құрылыс жобаларының сапасын жоғалтпай іске асыруды оңтайландыратын технологиялар жоғары сұраныста екенін айтып өтті. Бұл ретте ұзақмерзімді перспективада құрылыс саласын орнықты дамыту үшін оны реттеудің кешенді тәсілі қажеттілігі де сөз болды. Сол арқылы шетелдік инвестицияларды



тиімді тартып, озық халықаралық тәжірибені пайдалануға мүмкіндік беріледі.

«Қазір «ҚазҚСҒЗИ» АҚ еліміздегі жаңа Қала құрылыс кодексінің жобасын әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Аталған заң мемлекеттің, инвесторлардың, құрылыс салушылар мен халықтың мүддесін теп-тең жағдайда сақтап, отандық құрылыс нарығының инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған», – деді Б.Құлбаев.

«ТошуйжойЛИТИ» АҚ (Өзбекстан) сейсмикаға төзімді құрылыс бөлімінің меңгерушісі Шамиль Хакимов өз кезегінде

құрама темірбетон конструкцияларынан заманауи құрылыс технологияларының артықшылықтарын және оларды ТМД кеңістігінде енгізу бойынша халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігін атап өтті. Алайда, Ш.Хакимовтің айтуынша, Қазақстан мен Өзбекстан сияқты сейсмикалық белсенді аймақтарда көптеген шетелдік технология мен материалды қауіпсіз пайдаланбас бұрын, олардың «сейсмикалық қауіпсіздігін» арттыру керек.

Көлемді-блоқты құрылыстың артықшылықтары туралы айта келе қазақстандық MX-Engineering компаниясының бас

директоры Илья Тешев бұл технологияны пайдалану Қазақстан мен ТМД елдерінде тұрғын үй тапшылығы проблемасының шешілуіне септігін тигізе алатынын жеткізді.

Сейсмикаға төзімді құрылыс жөніндегі халықаралық сарапшылар қауымдастығының (Қырғызстан) президенті Улугбек Бегалиев өз тарапынан сейсмикалық тәуекелдерді ескере отырып, ТМД елдерінде блоктық құрылыс технологияларын дамытумен айналысуға қабілетті білікті мамандарды даярлаудың маңыздылығын атап өтті.

Ал The Consulting Engineers Group компаниясының сарапшысы, PhD Ларби Сеньордың пікіріне сүйенсек, АҚШ-та қатаң қауіпсіздік стандарттарын сақтай отырып, технологиялық және өндірістік процесті жеңілдету үрдісі байқалады.

«Менің Қазақстанда байқағаным, мысалы, технологиялық күрделі шешімдерді ұнататын Жапонияға қарағанда, мұнда да қарапайымдылыққа ұмтылатыны құптарлықтай. Қарапайым шешімдердің артықшылығы – нарыққа тікелей ауысудың жеңілдігі және олардың дәстүрлі материалдармен бәсекелесуге мүмкіндік беретін төмен бағалары», – деді Л.Сеньор.

Форум аясында Vollart неміс компаниясының блоктық құрылыс шешімдері саласындағы инновациялық шешімдері және Nordimpiant италияндық компаниясының азаматтық құрылысқа арналған кешенді элементтік шешімдері ұсынылды.

МАМАН КЕҢЕСІ

ДЕНСАУЛЫҚТЫ АЯЛАҢЫЗ...

Алматылық кардиолог жүрек ауруына қарсы дәрі-дәрмекті өз бетімен қабылдамауға шақырды

Алматының Кардиологиялық орталығына жыл сайын 15 мыңға жуық науқас жүгінеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке келген осы орталықтың кардиология бөлімінің меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер Жәмилә Алдабекова айтты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Біз шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсетеміз. Біздің орталық 265 төсек-орынды. Алматы қаласының барлық ауданының тұрғындарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында шұғыл мамандандырылған медициналық көмек көрсететін 6 кардиологиялық бөлімше бар», – дейді спикер.

Жедел медициналық көмектің сапасын арттыру үшін барлық бөлімде субинтенсивті терапия палаталары ашылған. Маманның сөзіне сүйенсек, бөлімдер науқастарға жайлы болу үшін заманауи етіп жабдықталған. Кардиологияда үлкен тәжірибесі бар білікті мамандар, орта және кіші медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Олардың көбі таяу және алыс шетелдерде тәжірибеден өткен.

Бүгінде кардиохирургия бөлімі 25 төсекке арналған. Мұнда жүрекке 5000-нан астам ота жасалады, оның ішінде коронарлық патологияның әртүрлі формаларына, жүре пайда болған және туа біткен жүрек ақауларына. Аритмология бөлімінің негізгі міндеті брадиаритмияның әртүрлі түрлеріне (жүрек соғу жиілігінің айқын төмендеуі, жүрек тоқтауына дейін) және өмірге қауіп төндіретін аритмияға, ЭФЗ (электрофизиологиялық зерттеу) және әртүрлі диагностикаға арналған РЖА (радио жиілікті абляция) пароксизмальды тахикардия түрлері кезінде жасанды кардиостимуляторларды имплантациялау болып табылады. Ал рентген хирургия бөлімінде кардиологиялық науқастарға аптасына 7 күн, тәулік бойы шұғыл интервенциялық көмек көрсетіледі. Кейінгі 5 жылда сәйкесінше 30 000-нан астам коронарография және 11 000-нан астам стент жасалған.

Бұрын жүрек ауруы көбіне егде жастағы адамдарда жиі кездесетін болса, бүгінде ол қатарға жастар да көптеп қосылып жатыр деп дабыл қағуда мамандар. «Егер енгізу, аяқтың ісінуі, жүректің негізсіз жиі соғуы, қан қысымының 140/90-нан жоғарылауы, физикалық күш түсуден немесе психоэмоционалды күйзелістен кейін кеуденің сол жағында ауырсыну байқалса, дәрігерге қаралу керек», – дейді кардиолог.

Дәрігер тұрғындарды жүрек ауруына қарсы дәрі-дәрмекті өз бетімен қабылдамауға шақырды. Өйткені, кардиологиялық қана емес, барлық препараттың дәлелденген әсер ету механизмі және белгілі бір көрсеткіштері мен дозалары болады.

«Науқастардың көбі тромбоз, тромбоз, кардиомиопатия, астробин сынды препараттарды жүрекке әсер етеді деп, өз бетінше қабылдап жатады. Өрине, бұл препараттар қанды сұйылтады, бірақ кардиологтың рецептісіз қабылдау кезінде бұл дәрілер асқан жарасын тудырады. Сондықтан егер сіз препаратты теледидардан, жарнамалардан көрген болсаңыз да немесе туыстарыңыз бен көршілеріңіз осы препараттарды ішуге кеңес берсе де, дәрігердің тағайындауынсыз әрекет етпеген абзал», – дейді дәрігер.

Сөзінің соңында Жәмилә Алдабекова жүрек жұмысына пайдалы өнімдерді атап өтті. Олардың ішінде қияр, қырыққабат сияқты жасыл көкөністер бар. Сондай-ақ, майсыз сиыр етіне, құс етіне, балыққа, соның ішінде майлы теңіз балығына басымдық берген дұрыс, бірақ аптасына бір реттен ғана. Құрамында калий, магний кальцийі бар пайдалы тағамдар – бадам, соя, кептірілген інжір, теңіз балдыры, сиыр сүті, сүзбе, брокколи, кептірілген өрік, қара өрік, мейіз, асқабақ, қызылша, шпинат, қарақұмық, бұршақ дақылдары да жүрек қызметін жақсартады екен. Ауырмайық, ағайын!

ФИЛИАЛ

«Үміт» саңырау мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық қоры «Намыс» жоғары білімді мүгедектер қоғамдық бірлестігімен бірлесіп отырып, Әуезов ауданындағы «Тең қоғам» мүгедектерді әлеуметтік қолдау орталығының филиалын ашты. Мекемеде мүмкіндігі шектеулі жандар құқықтық мәселелер, түрлі ақпараттар, т.б. мәселелер бойынша керегін ала алады. Орталық Жандосов көшесі, 69-үйде, Жандосов пен Саин көшесінің қиылысында орналасқан.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау орталығының бөлімі ашылды

Қазір Қазақстанда 670 мыңнан астам, Алматы қаласында 56 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады. «Үміт» мүгедектерді қолдау орталығы 1997 жылы естімейтін азаматтардың күнделікті өмірде де, қоғамдық өмірде де кездесетін мәселелерін шешуге көмектесу үшін құрылған. «Намыс» жоғары білімі бар мүгедектердің қоғамдық бірлестігі 2002 жылы құрылған, негізгі міндеті мен мақсаты – инклюзивті білім беру және ерекше жандарға көмек көрсету.

Әуезов аудандық мүгедектер қоғамы

КӨШІ-ҚОН

1,5 МЫҢ ҚАЗАҚ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Жыл басынан бері 1,5 мыңнан астам этникалық қазақ қандас мәртебесін алды.

Досбол
АТАЖАН

2023 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша 1539 этникалық қазақтар тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 миллион 108,5 мың этникалық қазақ оралды.

Жыл басынан Қазақстанға қоныс аударған қандастардың жартысы (50%) Өзбекстан-

1988 жылы құрылған. Биыл орталық 3451 мүгедекке қызмет көрсетіп, оның 9-ы тағымдамадан өтуге жіберілді, 8 мүгедек жұмысқа орналастырылды. 3521-іне кеңес берілді. 1063 тренинг-семинарлар мен шеберлік сабақтары өткізілді.

«Біздің үкіметтік емес ұйымымыз бытыр «Тең қоғам» орталығымен жұмыс істеді. Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен биыл қаланың әр ауданында «Тең қоғам» мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау орталығы ашылады. Бүгін біздің ауданда ашылып, жұмыс басталып кетті. Өте маңызды, қоғамға керек жоба», – дейді «Үміт» саңырау мүгедектерді қолдау орталығының төрағасы Аманбике Өсербайқызы.

нан, 16,3% – Қытайдан, 15,9% – Ресейден, 8,4% – Түркіменстаннан, 4,5% – Моңғолиядан және 4,9% басқа елдерден келген.

Келген этникалық қазақтар негізінен Алматы (27%), Маңғыстау (16,6%), Түркістан (7,1%) және Жамбыл (3,6%) облыстарына, сондай-ақ Астана (10,5%), Алматы (7,6%) және Шымкент (6,5%) қалаларына қоныстанды.

Осы жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 69,1%-ды, еңбекке қабілетті жастаң кіші 22,7%-ды және зейнеткерлер 8,2%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы кандидаттардың ішінен білім деңгейі бойынша 20,1% жоғары білімді, 40,9% орта кәсіби білімді, 35,2% жалпы орта білімді және 3,8% білімі жоқ.



ТАЗА ҚАЛА

Мегалолисте күн жылына басталысымен еріген қар және нөсер сулардың еш кедергісіз ағып кетулері үшін аудан әкімдіктерінің мердігер кәсіпорындары арық желілерін жаппай тазарту жұмыстарын бастады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

6 ақпандағы жағдай бойынша жоспарланған 1329 шақырымның 626 шақырымы қардан, мұздан, лай мен қоқыстан тазартылды. Бұл жұмыстарға күн сайын 82 бірлік техника және 299 жұмысшы жұмылдырылуда. Тазалық жұмыстары 25–28 ақпанда аяқталады. Бүгінде қала аумағында барлығы 1525 шақырым арық желілері бар.

Бұрыннан белгілі, Алматы қаласы бойынша су басудың негізгі факторы арық желісі жаңбыр мен еріген су ағынына қарсы тұра алмайды. Ал коллекторлық-дренаж жүйесі мүлдем жоқ. Сондай-ақ, нөсер желілері де жоқ, коллекторлар мен арықтар қоқыстармен бітеліп қалған, кәрізге қосылмаған.

СУ ҚОЙМАСЫ

ІСКЕ СӘТ!

Алматыда Сайран су қоймасының түбін тазарту басталды



Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының мамандары Сайран су қоймасының түбін тазарту жұмыстарын бастады. Бүгінде аталмыш су қоймасының түбі мен жағалауын лайдан, қамыс пен қоқыстан механикалық тазарту жүргізілуде. Бұрындары су қоймасының түбін тазарту жұмыстары мүлдем жүргізілмеген.

Механикалық тазалау жобасы аясында терендету, еңістерді түзеу, батыс жағалауды реттеу, жағажайды тазалау мен сол жақ жағалаудағы пирсті жөндеу жұмыстары қарастырылған.

Механикалық тазарту жұмыстарын мамыр айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Су қоймасының түбін тазарту жұмыстарының жалпы аумағы 162 мың шаршы метрді құрайды. Ал тазарту жұмыстарымен 35 жұмысшы айналысатын болады.

Ағымдағы жылдың сәуір айында осыған ұқсас тазарту жұмыстарын Әуежай және Қарасу өзендерінде де жүргізу жоспарлануда.

АЛМАТЫ АРЫҚТАРЫ

арналарын жаппай тазалау жұмыстары жүргізілуде



Су тасқынын жою мақсатында қала әкімінің тапсырмасы бойынша Экология

және қоршаған орта басқармасы Алматыда жауын-шашын кезінде үнемі су басып қа-

латын учаскелерге талдау жүргізді. Нәтижесінде барлығы 102 аймақ анықталды. Оның ішінде 56 учаскені су басып қалуы мүмкін. Сондықтан апатты қалпына келтіру жұмыстарын дереу жүргізу қажет.

56 учаскедегі су тасқынын жою мәселелерін шешу үшін 12 коллектор мен 4 арна (реконструкциялау және салу) қалпына келтірілуі тиіс. Қала бойынша 2022 жылы апатты қалпына келтіру жұмыстары аясында 72 учаскеде жұмыстар басталды. Оның ішінде бүгінде 63 учаскедегі жұмыстар (89%) аяқталды. Осы жұмыстар аясында ұзындығы 18,7 шақырым 12 су бұру коллекторы қалпына келтірілді. Жалпы ұзындығы 11,2 шақырым 8 канал салынды және 2 канал қалпына келтірілді, 7 км арық желілері қайта жаңартылды және салынды, 15 құбырлы өткел реконструкцияланды, 1,4 км өзен арналарының жағалауы күшейтілді. Жалпы, жұмыстардың 89%-ы орындалды.

Айта кетерлігі, 2022 жылдың күзгі кезеңінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша аталған учаскелерде су тасқыны тіркелмеген.

БЕКЕТ

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің хабарлауынша, «Кімасар» бақылап өткізу пункті ашылды.

Ол Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Медеу филиалы Кіші Алматы орманшылығы Кімасар шатқалында орналасқан.

Бекеттен жоғары жол бойында демалыс орындары, яғни үстелдер, скамейкалар орнатылған. Бақылау пунктінен шамамен 1 шақырым жерде автокөлік тұрағы бар, одан ары жаяу жүргіншілер жолы басталады.

«Кімасар» арқылы Бутаковка шатқалына өтуге болады. Сонымен қатар, кіші Кімасар сарқырамасына, Фурманов – «Панорама», «Шымбұлақ», «Бұшата» шыңдарына көтеріле аласыз.

Ағымдағы жылдың 27 қаңтарынан бастап бақылап өткізу бекетінен өту ақылы, құны 545 тг-ні құрайды. Оның ішінде 345 тг ҚР Салық кодексінің 589-592-баптарының негізінде 0,1 АЕК мөлшерінде ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны

«КІМАСАР» бақылау пункті ашылды



үшін салық аударымы болып табылады. 200 тг мөлшерінде сома ҚР ЭГТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 30.12.2020 ж. №27-56/253 бұйрығымен бекітілген тарифтерге сәйкес

ұлттық парк аумағын санитарлық тазарту және абаттандыру бойынша қызмет көрсеткені үшін алынады. Айта кетейік, аталған бекеттен өту зейнеткерлер мен ардагерлерге тегін.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

МҰЗДЫҢ ҮСТІ ҚАУІПТІ Төтеншеліктер алматылықтардың өміріне қауіпті 10 су айдыны туралы ескертті

Қыста көпшілігіміз таудан шаңғымен сырғанап, мұз үстінде коньки тебуге ұнатамыз. Бірақ олардың да өзіне тән қауіпсіздік ережелері бар екенін ұмытып, сақтық шараларын сақтамай, өмірімізге қауіп төндіріп жатамыз. Әсіресе, мұз үстімен жүру қауіпті.

Алматы қаласы ТЖД мәліметінше, қазіргі таңда қала аумағындағы мұздың қалыңдығы 25–30 сантиметр. Сондай-ақ, қыс мезгілінде адам өміріне қауіп төндіретін 10 су айдыны бар.

Олар Алатау ауданына қарасты «Томирис» шағынауданындағы көл, «Қарасу» шағынауданындағы тоған, «Байбесік» шағынауданындағы тоған.

Жетісу ауданында «Кемел шағынауданындағы Первомайский тоғандары. Медеу ауданында «Көлсай» шағынауданындағы



атауы жоқ су айдыны, «Сұлусай» шағынауданындағы «Юннатское» көлі. Сондай-ақ, Түркістан ауданындағы Әуежай көлі, «Қарасу» өзенінің сағасы, Пархач көлі, Қайрат шағынауданындағы тоған.

«Су айдындарындағы мұздың қалыңдығы барлық жерде бірдей емес, өзен-

- мұздың жұқа және нәзік жерлеріне шықпаңыз;
- мұздың жекелеген жерлеріне топтасып жиналмаңыз;
- мұздың беріктігін аяғыңызбен тексермеңіз;
- қоршалмаған және қорғалмаған жерлерден өтпеңіз;
- сақ болыңыз, қар астында жарықтар немесе тесіктер болуы мүмкін.

дердің сағалары мен салаларында мұздың беріктігі әлсірейді, мұз тез ағып жатқан жерлерде әлсіз.

Осыған байланысты Алматы қаласының ТЖД алматылықтарды қысқы кезеңде қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға шақырады:



#КүшімізБірлікте!

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауларындағы әрбір бастамасы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтары мен жаңа реформалардың басты бағдарларын айқындап тұр. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтауды осы жолдағы айрықша міндет ретінде атады. «Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған». Президент тапсырмаларының жүйелі әрі нақты орындалуы – әлеуметтің Әділетті Қазақстан құруға деген бекем сенімін қалыптастырары сөзсіз. Сенім бар жерде қолдау бар!

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ИДЕЯСЫ

оның түпкі мәні – елді ізгі
мақсатқа жұмылдыру

Жаңа қоғамға ұмтылған қазақстандықтардың жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдауы осы тұжырыммыздың айқын айғағы. Президент ұсынған конституциялық реформа оның Әділетті Қазақстанды құру бастамасы жолындағы аса маңызды қадам болды. Елімізде іске асырылып жатқан саяси жаңғырулар мен экономикалық өзгерістер үрдісін көзбен көріп, сарыуайым күдіктен, күпті көңілден арылған халық баршаға тең мүмкіндікке жолашар жаңа қоғамға бетбұрысты дұрыс қабылдап жатыр.

Бұл ретте Президент айтқандай, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы.

Адам құқықтарын қорғау саласында Президент аманаттаған жұмыстардың барлығы жаңаша сипатқа ие болды. «Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам иелігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесі мейлінше дамытады», – деген еді Мемлекет басшысы. Айтып қана қойған жоқ, осынау күрделі мәселелерді шешудің нақты жолдарын ұсынды. Бұлар – негізгі мақсат – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейді! Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды».

Қазақстан парламентаризмі институтының жаңа саяси науқаны қарсаңында біз оқырмандарымызды 2019–2022 жылдар кезеңінде қолға алынған реформалар мен Президент бастамаларын іске асыру жөніндегі бірқатар ақпараттар легімен таныстырмақпыз. Осы мақсатта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген 2019 жылғы 19 наурыздан бері төрт жылдай кезеңде елімізде қандай өзгерістер болғанын, әр Жолдаудағы Президент тапсырмаларының орындалу нәтижелерін зерделедік. Сонымен...

Екінші Президент ел
тізгінін ұстаған кезеңнен
бері не істелді?

Мемлекет пен ұлт
мүддесі жолында қандай
жұмыстар атқарылды?

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ

үшін бірлігімізді бекемдей білсек,



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

2019 ЖЫЛ

Микро және шағын бизнес компаниялары табыс салығын төлеуден үш жылға босатылды. Оларға қатысты тексерулер жүргізуге үш жылдық мораторий енгізілді;

Қазақстан азаматтарының борыш жүктемесін азайту және өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды..

Қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлығы үшін басшылардың дербес жауапкершілігі институты енгізілді.

Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді;

Педагогтардың жалақысын көтеруді, оларды тән емес функциялар мен тексерулерден босатуды; олардың әлеуметтік мәртебесін арттыруды, ел алдындағы жетістіктері мен сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік наградаларын бекітуді және сыйақы төлеуді, түрлі қосымша ақылар мен демалыс ұзақтығын арттыруды көздейтін «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданды;

Білім мен ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты азайту шаралары енгізілді;

Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланудың ғырыштық мониторингі іске асырылды.



2020 ЖЫЛ

«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заң қабылданды, ол митингдер өткізуге рұқсат алу рәсімін жеңілдетті, оларды елдімекендерде өткізу үшін арнайы орындарды белгіледі және ұйымдастырушылар мен қатысушылардың қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау үшін жауапкершілігін күшейтті;

1 қаңтардан бастап педагогтардың, мәдениет және мұрағат қызметкерлерінің жалақысы, сондай-ақ әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы арттырылды. Бұл өсулер орта есеппен 30%-ды құрады.

27 тамызда жаңа 2025 жылға дейінгі азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы бекітілді, онда ҰЕҰ рөлін күшейту, көппартиялықты, пікірлер плюрализмін және саяси бәсекелестікті дамыту көзделген;

Экономиканың зардап шеккен салаларында микро-, шағын және орта кәсіпкерлік кредиттері бойынша жылдық 6%-ға дейін пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау тетігі енгізілді;

Пандемияға байланысты 2020 жылдың соңына дейін ШОБ субъектілері мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың меншігіндегі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша жалдау төлемдерінен босатылды;

Кезекте тұрғандар үшін тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялау тетігін енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Ауылда өз қызметкерлері үшін тұрғын үй салу кезінде жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау тетігі енгізілуде.

1 қаңтардан МӘМС енгізу басталды;

«Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы» Заң күшіне енді. Археологиялық жұмыстарды жүргізу, тарихи-мәдени сараптама жүргізу, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану жөніндегі жаңа қағидалар, тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын орындау жөніндегі бағалау нормативтері, ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени және табиғи мұралар тізіміне номинациялау қағидалары енгізілді;

3 театрға «ұлттық», ал 9 театрға «академиялық» мәртебесі берілді; Халықты, бірінші кезекте ба-

лаларды дене шынықтырумен және бұқаралық спортпен айналысуға тарту мақсатында спорттық және шығармашылық тапсырыстың кестесі әзірленді.

55 пункттен тұратын 2021–2025 жылдарға арналған жастарды қолдау жөніндегі кешенді жоспар әзірленді.

Ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес, медиа сияқты 5 бағыт бойынша жобаларды іске асыруға 3 миллион теңге сомасында талантты жастарды қолдау үшін «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты тағайындалды;

5 тиімсіз ЖОО қысқартылды, 25 ЖОО кадрларды даярлаудың 80 бейінді емес және талап етілмеген бағыттары бойынша лицензияларын қайтарды;

Әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өту үшін ғалымдарға 500 грант, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдарға 1000 грант бөлінді. Қаржыландыруға 3 млрд теңге бөлінді;

ТЖ енгізу кезінде қызметін шектеуге байланысты табысынан айырылған азаматтарды қолдау үшін МӘСК-тан 476 млрд теңге мөлшерінде әлеуметтік төлемдер ұйымдастырылды. Бұдан басқа, ай сайын әлеуметтік осал санаттағы 1,1 млн-нан астам адам, тіркелген жұмыссыздарды қоса алғанда, азық-түлік жиынтығымен қамтамасыз етілді;

АӘК жүйесі оның ашықтығын, әділдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ еңбекке деген ынтаны арттыру үшін реформаланды;

Учаскелік инспекторға басты рөл берілетін «қадамдық қолжетімді полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметіне реформа жүргізілуде;

Кәсіпкерлерге барлық платформалардың өзекті сатып алуларына тіркелу және қатысу мүмкіндігін беру мақсатында бүгінгі күні Үкімет мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың, табиғи монополиялар субъектілерінің, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларының ақпараттық жүйелерін «бірыңғай сатып алу терезесі» порталымен интеграциялау бойынша жұмысты аяқтады.

2021 жылдан бастап азаматтарға тұрғын үй жағдайын жақсарту қымбат емделу ақысын төлеуге немесе жеке басқарушы компанияларға басқаруға беру үшін зейнетақы жинақтарын алу құқығы берілді.



ҰЛТ МҮДДЕСІ

берекелі ел боламыз



Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз...

Біздің бүтінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

2021 ЖЫЛ

Ауыл әкімдерін сайлау өткізілді. Ауыл әкімдері құрамының 80%-ы жаңартылды. 2024 жылы аудан әкімдерінің бірінші сайлауын өткізу жоспарлануда;

Саяси реформалар шеңберінде Мәжіліске саяси партиялардың өту шегі 7%-дан 5%-ға дейін төмендетілді, сайлау бюллетеньдерінде «барлығына қарсы» бағаны қосылды;

Медицина қызметкерлерінің жалақысы (дәрігерлердікі орта есеппен 30%-ға, орта медицина қызметкерлерінікі 20%-ға) ұлғайтылды;

Үкімет қабылдаған сумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі шаралар республика бойынша ауыл тұрғындарын сумен қамтамасыз етуді 93%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе қолданысқа енгізілді, ол сот ісін жүргізудің жаңа түрімен әкімшілік әділетті енгізді, бұл «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидатын бекітіп, жария-құқықтық дауларды шешу тәртібін түбегейлі өзгертті;

Корпоративтік басып алу тәсілі нақтыланған, ал бизнес қылмыстық қудалау органдарының шамадан тыс араласуынан қорғалған Заң қабылданды;

Полиция сервистік модель негізінде реформалануда. ПМ-нің барлық бөлімшелерінде халықпен өзара іс-қимыл жасау үшін фронт-офистер құрылған. Полиция өзіне тән емес функциялардан және т.б. босатылды;

Заң жүзінде учаскелік инспектор мәртебесі арттырылды;

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Заң қабылданды;

«Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік саясат туралы» Заң әзірленді, онда, мысалы, өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі бап көзделген;

Академиялық дербестік енгізілді. Білім беру бағдарламалары дербес әзірленеді және оқытудың мерзімі мен траекториясы айқындалады;

Жоғары оқу орындарының білім сапасы үшін жауапкершілігі күшейтілді;

Алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-шаралар кешені әзірленді (Жол картасы);

Мемлекеттік басқару тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – мемлекеттік басқарудың басты құндылықтары азаматтар мен олардың әл-ауқаты болып табылатын «адамға бағдарланған» моделін құру болып табылады;

Жергілікті өзін-өзі басқару тұжырымдамасы әзірленді;

2030 жылға дейінгі ақша-кредит саясатының стратегиясы әзірленді, ол баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша әлеуетті күшейтеді;

13 мамырда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді шетелдіктерге және шетелдік тұлғаларға беруге және сатуға толық тыйым салу туралы шешім қабылданды.

2022 ЖЫЛ

Конституцияға түзетулер енгізу жөніндегі референдумның нәтижесінде суперпрезиденттік басқару нысанынан күшті Парламенті бар президенттік республикаға көшу, Парламенттің өкілеттігін кеңейту, күш құрылымдары қызметкерлері мен жекелеген шенеуніктердің партияға мүше болуына тыйым салу, саяси партияларды тіркеу рәсімін оңайлату, сайлау процесін жаңғырту, сондай-ақ өлім жазасынан толық бастарту және Конституциялық Соттың қайта жаңғыруы іске асырылды;

Референдум барысында Мәжілісті 70/30 қатынасында қалыптастырудың аралас жүйесі (**пропорционалды-мажоритарлық**), облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас жүйесі (50/50) енгізілді, сондай-ақ қалалық және аудандық мәслихаттарды сайлаудың мажоритарлық жүйесіне көшу жасалды. Бұл шара азаматтардың Мәжіліс пен мәслихаттарды қалыптастыруға тікелей қатысу дәрежесін арттырады;

«Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды, оның міндеттерінің бірі – әлеуметтік проблемаларды шешу, орфандық аурулары бар балаларды қымбат тұратын препараттармен қамтамасыз ету болып табылады;

«СК-Фармация» базасында медициналық техника мен медициналық бұйымдарды орталықтандырылған сатып алуға көшу жүзеге асырылды;

Президент Жарлығымен **Ұлттық құрылтай** құрылды;

Жаңа облыстар – Абай, Ұлытау және Жетісу облыстары құрылды.

Жеңіл автомобильдер мен ауыл шаруашылығы техникасы бойынша **кәдеге жарату алымы** 50%-ға төмендеді, 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін халықаралық тасымалдарға арналған ершікті тартқыштар үшін мөлшерлемелер нөлденді. Бұрын кәдеге жарату алымы үшін алынған қаражат мемлекетке берілді және оның 100 млрд теңгесі автотөлеуге бағытталды;

Автомобильдерді бастапқы мемлекеттік тіркеу үшін алым мөлшерлемесін 3 жылдан 7 жылға дейін 50 АЕК-ке дейін **төмендету** мәселесі пысықталуда;

2022 жылдың басында **Бәсе-**

келестікті дамыту мәселелері туралы заң қабылданды;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы бекітілді;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айырылу жағдайларына төленетін **әлеуметтік төлемдердің мөлшері 5%-ға** арттырылды. Әлеуметтік төлемдердің жалпы көлемі 92,5 млрд теңгені құрады;

Елімізде биоқауіпсіздікті болжаудың ұлттық жүйесін құруды көздейтін **«ҚР-дағы биологиялық қауіпсіздік туралы»** Заң қабылданды;

Ең төменгі жалақы мөлшері 60 мың теңгеге дейін ұлғайтылды;

Заң жүзінде шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың, шетелдік қатысуы бар ҚР заңды тұлғаларының, халықаралық ұйымдардың, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтардың, сондай-ақ қандастардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жекеменшік құқығымен және уақытша жер пайдалану құқығымен иеленуіне тыйым салу енгізілді;

2023–2027 жылдарға арналған **көші-қон саясаты тұжырымдамасы** бекітілді. Тұжырымдама аясында елге білікті кадрлардың келуін ынталандыру, шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқығын қорғау қарастырылған;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жекелеген санаттағы 591 мың азаматтық қызметшінің **жалақысы артты;**

Президенттің тапсырмасы бойынша елге әкелінген автокөліктерді **зандастыру үшін** біржолғы тәртіпте кәдеге жарату және бастапқы тіркеу үшін 200–250 мың теңгеден аспайтын мөлшерде бірыңғай алым қолданылатын болды;

Пилоттық режимде **Отбасының цифрлық картасын** (азаматтарды кепілді мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуға құқықтары туралы) енгізу басталды;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейі көлемінің 54%-ынан 70%-ына дейін, ең жоғарығысын тиісінше 100%-дан 120%-ға дейін кезек-кезеңмен жеткізу көзделіп отыр.

БИЛІК пен ҚОҒАМ серіктестігі нығаяды

Бағыт–бағдар айқын. Елімізде саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы аясында жүзеге асырылуда. Бүгінде жаңа стратегияға сәйкес басты мемлекеттік институттарды кешенді түрде қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Бұл қадам әр азаматтың әл-ауқатын арттыру және бүкіл елімізді өркендету жолындағы барлық іс-қимылды жандандыруға бағытталады.

Биылғы 19 наурызда өтетін Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауында халық қалаулыларының жаңа құрамы жасақталмақ. Сол арқылы жаңарған мәслихаттар мен Парламенттің білікті, сапалық құрамына жол ашылмақ. Демек, Жолдауда аманатталғандай, Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады. Мұның өзі билікке бүкіл қоғамның талап-тілегін ескеретін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік бермек.

Жалпы, Президенттің әр Жолдауында қоғамдық ойды серпілтер, әлеумет санасын сергітер нақты бағдарлы тың бастамалар көп-ақ. Мемлекет басшысы өзі айтқандай, билік өзінің жоспарын қоғамнан жасырын ұстайтын саяси дәстүрден арылып келеді. Әр бастама азаматтарымыздың өмір-сүру сапасын жақсартуды және елді орнықты дамытуды көздейді. Бұл билік пен қоғам арасында ынтымақтастық мүдде мен өзара серіктестікті қалыптастырудың басты алғышарты болмақ.

Т.ДЕРЫСАЛИН.



ЗІЛЗАЛА

Апаттың айтып келмейтінін кеше Түркия мен оған іргелес жатқан Сирияда болған жойқын жер сілкінісі тағы бір дәлелдеді. Зілзаланың алапат күші соншалық, жерасты дүмпулері Грузия, Абхазия, Армения, Ирак, Ливан және Кипрге дейін сезілген.

Еске сала кетсек, биылғы 6 ақпанда Түркияның оңтүстік-шығысында бір тәулік ішінде магнитудасы 7 балдан жоғары екі жер сілкінісі болып, көпқа-батты үйлер бірінен соң бірі опырылып ортасына түсіп, адамдар ауыр үйінді-лердің астында қалып жатты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазақстан және Димаш

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен еліміздің ТЖМ құтқарушылары жер сілкінісі салдарын жоюға көмек көрсету үшін Алматыдан бауырлас Түркияға барды. Арнайы жасақталған борт Газиян-теп қаласына 7 ақпанда барып қонды.

Жасақ құрамында құтқарушылардан бөлек, кинология-лық есептер және Апаттар медицинасы орталығының меди-цина қызметкерлері бар. Топ қажетті жабдықтармен де, құт-қару жұмыстарын жүргізуде көп жылдық тәжірибесі бар құтқарушылармен де толықтай жарақталған. Ал кеше ТЖМ құтқарушыларының тағы бір борты Түркияға жетті. Екінші эшелонда авариялық-құтқару құралдары мен жабдықтардың 150-ге жуық және дәрі-дәрмектердің 160-тан астам түрі бар.

Азаматтық қоғам тарапынан да белсенділер ұжымдасып көмек қолын созуда. Бүгінгі күні Түркияда тұратын қазақ-стандықтар 35 млн теңгенің гуманитарлық көмегін жинады. Қазір Түркияға өз елі ішінен де, өзге елдерден де киім-кешек, көрпе-төсек, азық-түліктер жіберіліп жатыр. Түркиядан 24 сағат бойы хабар таратып жатқан БАҚ өкілдерінің айтуынша, бүгінгі күні қас-қағым сәтте үйі үйіндіге айналған адамдарға қонатын жер үлкен проблема болып тұр. Зілзаладан жүрегі шайлығып қалғандар амалсыздан көліктеріне түнеп жүр. Осыны ескерген біздің отандастарымыз Түркияға жылы киіз үйлер жіберуді қолға алып жатқан көрінеді.

Ал танымал әншіміз Димаш Құдайберген «Stranger» әлем турнеcінен түскен қаражаттың бір бөлігін Түркияда зілзала-дан зардап шеккендерге аударатын болды. Бұл туралы жүрегі үлкен ұлымыз өзінің Instagram парақшасында мәлімдеді.

«Қазақ халқына бауырлас, ағайын ел болып саналатын Түркиядағы, Сириядағы және басқа да елдерде табиғаттың залалынан көптеген адамның қаза тапқанын естідік. Әрине, зор күйзеліспен қабылдап отырмыз. Барлық дүние салған адамдардың жақындарына қайғыра көңіл айтамыз. Ауыр халде күй кешіп жатқан бауырларымызға тезірек сауығып кетуін тілейміз. Әр отбасыға аманыштық тілеймін. Аспаны-мыз ашық, әлем атты ортақ үйіміз апат пен зілзаладан аман болсын. Елімізде, әлемде тыныштық болсын! Барша әлем халқы бақытты болсын!», – деген жазба қалдырды Ди-машымыз.

Бір апта аза тұтады

Түркияға бірінші болып Әзербайжан елі қол созған екен. Жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен бауырлас елге бас-аяғы 45 мемлекет көмектесуге пейілді. Мәселен, Ресей зілза-ладан жапа шеккен аудандарға 4 ұшақпен аэромобильді құт-қару топтарын аттандырған. Бұдан бөлек, 40 дәрігерден тұратын аэромобильді госпиталь жөнелткен. Израиль, Иран, Ирак елдерінен де гуманитарлық жүктер жіберіле бастады. Ирактың Күрдістан аймағынан 25 «жедел жәрдем» көлігі жолға шыққан. Ал Иран елі Сирияға 45 тонна гуманитарлық көмек жеткізіпті.

Міне, осынау қиын шақта бүкіл әлем бір жұдырық болып жұмылып, көмек көрсетуде. Түркияда Президент Режеп Та-йип Ердоған елінде жеті күнге Жалпыұлттық аза тұту күнін жариялады. Бүгінде ел аумағында барлық Мемлекеттік ту түсірілген. Эфирден ойын-сауық бағдарламалар мен телесе-риалдар, жарнамалар беру тоқтатылған. Жалпы ел бойынша мектептер мен университеттер бір жұмаға жұмысын тоқтат-ты. Теміржол қатынасы мен әуе рейстері де белгісіз мерзімге дейін кейінге шегерілді.

Сарапшылар Түркия зілзаласын 100 жылда болмаған апат деп отыр. Тіпті, алғашқы 7,8 балдық зілзаладан кейін кемінде 17 рет жерасты дүмпуі тіркелген. Түркияның Төтенше жағ-дайлардың алдын алу мен жою басқармасының мәліметінше, Кахраманмараш, Килис, Диярбакыр, Адана, Османие, Га-зиантеп, Шанлыурфа, Адияман, Малатия және Хатай провин-цияларында 3000-ға тарта ғимарат қираған.

Ал Түркияның жер сілкінген аумағымен іргелес, шекара-лас жатқан Сирияда жер сілкінісінен көз жұмғандар саны 1250-ге жеткен. 12 жылға созылған қақтығыстан әлі есін жинап үлгермеген араб еліндегі жағдай зілзалаға дейін де өте ауыр еді. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша жергілікті халықтың 70 пайызы көмекке мұқтаж.

Ұйқысынан оянған балақай

Қазір Түркияда ауыр кірпіштердің, тас бетондардың, үйінділердің астында қалған адамдарды құтқару жұмыстары күшейтілген. Отбасы мүшелерін, ата-анасын, бауырын, бала-сын, жақынын іздеген тұрғындардың шарасыз күйін, көз жасын әлеуметтік желілерден көріп отырмыз. Аянышты. Қорқынышты. Жүрек сыздайды. Жаның ауырады. Әлеуметтік

БІЗ БІРГЕМІЗ!

Қазақ елі бауырлас Түркияға жан-жақты қолдау көрсетеді



желіде тарап жатқан сансыз видеоларды қарасаңыз, әсіресе, балаларға, қарттарға қиын. Ауа райы да мез емес, салқын. Көз алдарында бәрі қирап жатқан соң, қайтадан үйлеріне кіруге қорқып, жұрт далада босып жүр.

Бүгінге дейін зілзаладан кейінгі үйінділер астынан 8000-ға жуық адам құтқарылыпты. Құтқару жұмыстары жалғасуда. Сирияның Алеппо қаласындағы зілзаладан соң пайда болған үйінді астында қалған бір келіншек сол жерде босанып, қыз бала дүниеге келіпті. Өкінішке қарай, әйелдің өзі көз жұмған. Әлеуметтік желідегі видеода жаңа ғана туған шақалақты алып, жылы жер іздеп жанұшыра жүгіріп бара жатқан құтқа-рушыны көріп, жанарға еріксіз жас тұнады. Сәбидің көрер жарығы бар екен.

Газиянтеп қаласында құтқарушылар қираған үй арасынан бір отбасы мүшелерін аман-есен шығарып алған. Ал Фатик Сұлтан ауданында жермен-жексен болған үйіндінің астынан 28 сағаттан кейін анасы мен үш баласы құтқарылған.

Бәлкім, сіз де көрген боларсыз, әлеуметтік желілерден, үйіндінің астынан 22 сағаттан соң табылған кішкентай бір балақай ұйқысын аша алмай тұр. Жан-жақтан қаумалап кеп

көтеріп алған құтқарушыларға «не боп жатыр?» деді ештеңе түсінбей. Ал құтқарушы ер адам оны шошып қалмасын деп, еркелетіп: «Ештеңе де болған жоқ. Сен нағыз батырсың!» деді де, құшағына басып тұрды бір сәт.

Осындайда еске түседі, 1990 жылы жаз уақытында біздің елде, нақтыласақ, Зайсанда (Шығыс Қазақстан облысы) бол-ған 8 балдық жер сілкінісі естеріңізде болар. Сол зілзалада бір ауылда Біржан есімді сәби мерт болды. Кейін сол ауылды Біржан деп атады.

Айтпақшы, кей жерлерде адамдарды үйінді астынан ыс-қырықпен ысқырған дауыстар арқылы тауып жатыр екен. Міне, әдетте үйімізде көп ойыншықпен бірге аяқтың астында керексіз болып жататын қарапайым кішкентай ғана ысқырық-тың өзі адам өмірін құтқаруға қауқарлы. Сондықтан «жаман айтпай, жақсы жоқ», үйде ысқырықтың та болғаны дұрыс шығар деп ой түйіп қалғанымыз жасырын емес сол сәтте.

РЕДАКЦИЯДАН: Бет қатталып жатқанда жойқын зілзала салдарынан қаза тапқандар саны 9 мыңнан асқаны (Түркияда – 6957, Сирияда – 2500-ге жуық адам) жсайлы ақпарат тарады. Бұл ақпаратты Түркия мен Сирия үкі-меті растады.

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Жер сілкінгенде не істеу керек?

Жер сілкінісінің қаупі туралы мамандар арнайы при-борлармен бірге, жануарлардың, иттердің мінез-құлқы-на қарап та болжам жасайды екен. Ал бұл тұрғыда ең сезімтал жәндік жыландар деседі. Дегенмен, жер сілкінісін толық болжау мүмкін еместігін сарапшылар да мойындайды.

Жапонияда жыл сайын 1500-ге жуық жер сілкінісі болады. Чилиде де шамамен дәл солай. 2010 жылы бол-ған күшті жер сілкінісі Чилидегі Консепсион қаласын 3 метрге қарай ығыстырып жіберген. Жер сілкінісі тек Жерде ғана емес, мәселен, Айда да болады екен, бірақ олар әдетте «ай сілкінісі» деп аталады. 10 минутқа жуық созылған ең ұзақ жер сілкінісі 2004 жылы Үнді мұхиты-ның астында болған.

Біздің Алматыны да сейсмикалық аса күйіпті аймаққа жатқызады ғалымдар. Шаһарда бірінші рет 1887 жылы жер сілкінісі болып, 236 адамның өмірін қиып кетсе, бұл оқиға екі жылдан кейін 1889 жылы тағы қайталанған. Одан соң 1910 жылы 22 желтоқсанында 9 балдық жер сілкінісі болып, 44 адам қаза тапқан.

«Сақтансаң, сақтаймын» демекші, жер сілкенген кезде:

- лифтіге кірмеңіз, баспалдақпен түспеңіз;
- жинақтардан, терезеден мейлінше алыс тұрыңыз, бөлме ортасындағы люстрадан алыс тұрыңыз;
- жоғарғы қабаттарда болсаңыз, есіктің табал-дырығына немесе қабырғалардың бұрышына барып тұрыңыз;
- бірінші, екінші қабатта болсаңыз, ғимараттан тезірек шығып кетіңіз;
- суды, газды, жарықты өшіріңіз.

P.S. Әлемдегі қауіпсіздік, тыныштық, бейбіт өмір – адамзатқа ортақ құндылық. Кезінде біздің Тәуелсіздігімізді әлемде бірінші болып мойындаған, қуанған, тілектестігін білдірген Түркия еліндегі бауырларға сабыр, төзім, амандық тілейміз.



ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

ел тыныштығын қорғап, қауіпсіздікті қадағалайды

Иә, жауынгерлер тек бейбіт күннің ғана батырлары емес екенін бір жыл бұрынғы қаңтар оқиғасы кезінде дәлелдеді. Қаладағы қақтығыс кезінде Ұлттық ұлан әскері қасиетті борышын адал атқара білді. Сол тұста Ұлттық ұлан Оңтүстік өңірлік қолбасшылығының 500-ден астам әскері қала тыныштығын күзетті. Өкінішке қарай, қос сарбаз – Айбат Аманов пен Мадияр Қайсаров жауынгерлік міндетін атқару кезінде қыршын кетті.

31 жыл бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері құрылып, 2014 жылы ол Ұлттық ұлан болып қайта жасақталды. 1 жылдан кейін «Ұлттық ұлан» туралы Заң күшіне енді. Жалпы, ел бойынша құқықтық тәртіп әскері 20 шақты қалада әскери қызмет көрсетеді.

Ұлттық ұландықтар елдің қауіпсіздігін, тұрғындардың құқығын қорғайды. Соның нәтижесінде былтыр көшедегі қылмыс 52,2 %-ға азайған.

АНТҚА АДАЛДЫҚ

Қала үлкейіп, тұрғындар саны көбейген сайын ондағы құқықтық тәртіп те күшейе түсетіні белгілі. Осы орайда, біз Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің баспасөз бөліміне хабарласып, әскери бөлімдердің жасақталуы мен міндеттеріне қатысты сұрақтарымызды қойған едік. Қаланың тыныштығына жауапты Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің 600-ден астам жеке құрамы Алматы қаласының 8 ауданында жауынгерлік қызмет атқарады.

Әскери бөлім жеке құрамы Ішкі істер органдарымен бірге қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша Алматы қаласында патрульдік-бекеттік қызмет атқарады. Көпшілік қоғамдық-саяси, спорттық және басқа іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Апаттар мен зілзалалардың салдарын жою кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Бөлімнің жеке құрамы осындай міндеттерді Алматы қаласында да, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының басқа елдімекендерінде де орындауға аттанады.

Бұл әскери бөлімнің жеке құрамы өзіне жүктелген қызметтік-жауынгерлік міндеттерді абыроймен орындап келеді. Осы кезеңде патрульдік-бекеттік қызметтің 880-нен астам міндеті атқарылып, 140-тан астам қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар қамтамасыз етілді, 9000-ға жуық қоғамдық тәртіп бұзушылар, олардың ішінде 240-тан астамы қылмыс жасау белгілері бойынша ұсталды.

Бұл – Ұлттық ұлан сарбаздарының басты міндеті. Қалада құқық бұзушыларды ұстап, бейбіт тұрғындарды қаскөйлерден құтқаратын көше сақшыларының бір күні бір күніне ұқсамайды.



ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ УАҚЫТ ПЕН ОРЫНҒА ҚАРАМАЙДЫ

Былыр жазда Ұлттық ұлан сержанты әйелге пышақ ала жүгірген алматылықты ұстады. Кешкі сағат 23.50 кезінде Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Жарқынбек Айдарханбеков үйінде отырған кезде сырттан жан ұшыра айқайлаған дауысты естиді. Жүгіріп шықса, «Қалқаман-2» ықшамауданындағы Лапин көшесі, 21-үйдің алдында белгісіз ер адамның әйелге шабуыл жасап жатқанын көреді. Сол уақытта әйелге көмекке ұмтылған тұрғынға да әлгі бұзақы қолындағы пышағын жалаңдатып, сөйтіп ол да жарақат алған.

Аға сержант Жарқынбек Айдарханбеков көмек көрсету үшін дереу оқиға орнына жүгіріп жетеді. Сарбазды көрген бұзақы сол маңдағы зиратқа қарай қашқан. Ұландық жауынгер оның соңынан қуып, жол-жөнекей жедел жәрдем мен полиция қызметіне хабар беріп үлгереді. Жарқынбек түннің бір уақыты болса да сытырлаған дыбыс пен ентіккен дауысынан қылмыскерді бой тасалап отырған жерінен ұстап алады. Жедел медициналық көмек пен полиция қызметкерлері келгенше, тұтқынды уысынан шығармай ұстап тұрады.

Аға сержант Жарқынбек Айдарханбеков ұстаған қылмыскерді оқиға орнына келген полиция қызметкерлеріне тапсырған. Зардап шеккен әйелге алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, ауруханаға жеткізілді.

Бейбіт тұрғынды қылмыскерден құтқарып қана қоймай, кейбір әскери қызметкерлер бір-бірінен қапыда көз жазып қалған ана мен баланы табыстырып, сауапты іс атқарып жүр. Былыр 11 қарашада дәл осы әскери бөлімнің сақшысы жоғалған бүлдіршінді тауып, анасымен қауыштырды. Алматы қаласының Төле би көшесінің бойында қоғамдық тәртіп қызметінде жүрген әскери жасақ басшысы кіші сержант Жалғас Жексенбек және патрульшілер – қатардағы Дәурен Құрманалы, Нұрбол Қайыпқа азаматша Меруерт Жанарбаева келіп орталық саябақта екі бірдей баласынан көз жазып қалғанын айтып, көмек сұрайды.

Әскери жасақтың жедел іс-әрекетінің арқасында адасып қалған бүлдіршіндер Алматы өзені мен Мақатаев көшесінің қиылысынан табылып, ата-анасына табысталды. Азаматша Меруерт Жанарбаева өз кезегінде ұландық жауынгерлер мен олардың командирлеріне кәсіби іс-әрекеттері, жедел көмектері үшін үшін алғысын білдірді.

ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ҮЛКЕН ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Алғыс арқаалаған көше сақшыларының шытырман оқиғалары көп. Олар қызметтік иттің көмегі арқылы күдіктілерді ұстап, тәртіп сақшысының да қызметін атқарады. Осыдан тура 2 ай бұрын қалада қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін сақтау қызметін атқаратын 5571 әскери бөлімнің жасағына ұялы телефон ұрланғаны туралы жедел ақпарат түскен. Ақпаратты қабылдаған жасақ құрамындағы кіші сержант Данияр Баранқұлов «Оиси» атты қызметтік итімен 28 панфиловшылар саябағы маңында дереу іздеу шараларына кіріседі. Іздестіру барысында әскери жасақ өздерін көрген белгісіз азаматтың қаша жөнелгенін байқайды. Сол азаматтың күмәнді әрекетін байқаған жасақ қашып бара жатқан азаматқа қызметтік итті қолданатыны жайлы ескертеді. Бірақ оған күмән тудырған азамат құлақ аспайды.

Нәтижесінде күдікті азамат қызметтік иттің көмегімен қолға түсіп, тәртіп сақшыларына тапсырылды. Тексеру кезінде күдіктінің аталған фактіге тікелей қатысы бары анықталды. Сол күні кешке Фуркат көшесінің бойында қоғамдық тәртіпті қадағалау қызметін атқарып жүрген жауынгерлерге қала тұрғыны келіп, смартфонды қолды болғанын айтады. Азаматтың өтініші бойынша әскери жасақтар ұрыны іздеуге кіріседі. Жедел әрекет нәтижесінде ұландықтар сол маңнан күдік келтірген жас жігітті байқайды. Әскерилерді көрген ол бағытын өзгертіп, өзінен-өзі қашуға әрекет жасайды. Сол кезде әскери жасақ басшысы қатардағы Қайсар Тұрсынәлі кинологқа қызметтік итті қолдануға пәрмен береді.

Өз кезегінде кинологиялық қызмет маманы қатардағы Жарыққасын Абдуллаев күдіктіге «Токта, қызметтік итті қолданамын!» деп ескертеді. Ескертуді елемеген ер-азамат «Рой» атты қызметтік иттің көмегімен құрықталып, Өуезов аудандық полиция қызметкерлеріне тапсырылды. Қалтасынан ұрланған телефон табылды.

Айта кететін жәйт, желтоқсан айында әскерге шақырылған жас сарбаздар кеше Алматы қаласының қоғамдық тәртібін сақтау үшін алғаш рет жауынгерлік қызметке шықты.

P.S. Кәсіби әскеріміз тұрасында шешімі күрделі мәселе көп. Бірақ жоғарыда айтылған оқиғаларға қарап, құқықтық тәртіп әскері немен айналысатынын білуге болады. Бастысы, ұлттық әскерде кәсіптік дайындықтың барын аңғартады. Тұтас елдің егемендігі мен ішкі тәртібіне тек кәсіби әскер ғана кепіл бола алады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗДАР

Белгісіз тұлғалар Алматы қаласы әкімдігі немесе тұрғын үй басқармасы қызметкерлерінің атынан қоңырау шалған жағдайда құқық қорғау органдарына жүгіну керек.

Өздерін Алматы қаласы әкімдігінің немесе Тұрғын үй басқармасының қызметкері ретінде таныстырып, екінші деңгейдегі банктер мен микрокредиттік қаржы ұйымдары алдындағы міндеттемелер бойынша, мерзімі өткен несиелер мен қарыздар бойынша берешектерді мерзімінен бұрын өтегеннен кейін мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер беру мәселесі бойынша ұсынатын белгісіз тұлғалар мен алаяқтар тарапынан азаматтарға телефон қоңырауларының жиілеуіне байланысты мынадай ақпаратты назарға алуды сұраймыз:

Егер сіз Алматы қаласы әкімдігінің тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрсаңыз, онда

Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы (бұдан әрі – Басқарма), ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 74-бабына сәйкес, кезекте тұрғандарға жалға берілетін тұрғын үй тек кезек тәртібімен беріледі. Бұл ретте несиелік ақпараты және екінші деңгейдегі банктер мен микрокредиттік қаржы ұйымдары алдындағы несиелер мен қарыздары бойынша берешектер мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алуға әсер етпейді.

Алматы қаласы әкімдігінде кезекте тұрған азаматтар өз кезектерін www.kezekte.kz сайтында («ЖСН бойынша кезектегі нөмірді тексеру» сілтемесі арқылы) немесе Басқарманың 225-14-37, 225-14-52, 225-14-57 телефондарына қоңырау шалу арқылы бақылай алады. Басқарма мамандары азаматтарды ерекше жағдайларда ғана және қажетті құжаттарды ұсыну, пәтерге жалдау шарты мен сатып алу-сату шарттарына қол қою үшін Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85 (Әлеуметтік қызметтер үйі, 1-қабат, опер. залы) мекенжайында орналасқан Басқармаға шақырады.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

АРНАЙЫ ІС-ШАРА

нәтижесінде интернет-алаяқтар тобы ұсталды

Топ құрамында 27 және 25 жастағы 2 әйел бар. Олардың сыбайластары – 28 және 33 жастағы ер адамдар.

«Қазір Алматыда ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жасалған құқық бұзушылықпен күресу шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған алаяқтыққа қарсы республикалық «Anti Fraud» іс-шарасы өтіп жатыр. Осы іс-шара аясында 4 адамнан тұратын топ әшкереленді. Бостандық аудандық ПБ-на қарасты полиция бөліміне көмек сұрап жүгінген алматылық тұрғынның арызына сәйкес, күдіктілер алдау және сенімге қиянат жасау арқылы 1,1 млн теңге көлемінде қаражатты иемденіп кеткен.

Толығырақ айтатын болсақ, ер адамның ұялы телефонына профилінде әпкесінің

суреті бар абоненттен хабарлама келген. Хабарламаны жіберуші оның банктік шотына ақша жіберуді өтінген. Ер адам әпкесінің деректерін пайдаланған алаяқтарға емес, әпкесіне көмектескеніне сенімді болған. Қылмысты ашуға екінші деңгейлі банктердің бірінің қауіпсіздік қызметкерлері көмек көрсеткен. Қазіргі уақытта аталған қылмыстық іс бойынша осы қылмыстық істің жан-жақты, толық және объективті тергелуін қамтамасыз ету үшін қажетті тергеу шаралары жүргізіліп жатыр. Сотқа дейінгі тергеудің осы кезеңінде бұл топ жасаған 3 бірдей алаяқтық дерегі анықталды», – деді, Алматы қалалық ПД криминалдық полиция басқармасының басшысы Қуатбек Науатов.

Алаяқтар ұсталды. Олар – Түркістан облысынан келгендер. Ұсталғандардың үшеуі бұрын да алаяқтық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

**Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**



КОНЬКИ

АЛИНА АЛТЫН АЛДЫ



2023 жылы спортшыларымыз үшін жемісті болуда. Нәтижелер айқын. Біздің қыздарымыз байрақты бәсекелерде ешкімге дес бермеуде. Кіл жүйрікпен жарысып, оқ бойы озық келді.

Қазақстандық спортшы Алина Дауранова коньки жарысынан алтын медаль иеленді. Ол Голландия және Италия конькишілерінің алдын орады. Оларға мәреге бірінші жетуге мүмкіндік қалдырмады. Соның арқасында үздіктер арасында ең шоқтығы биік спортшы атана алды.

Алина небәрі 18 жаста. Қарап тұрсаңыз, тым жас. Бірақ спорт үнемі машықтануды қажет ететін сала. Мұны көзікарақты жандардың баршасы түсінеді, біледі. Ұдайы дайындық қажет. Мұздың үстінде қылдай коньки мен тепе-теңдікті сақтау оңай емес. Оның үстіне, артық салмақ жинамау керек. Бұл да негізгі кедергінің бірі. Осындай аса бір елеңе қоймайтын қағидалар жеңіске бастаушы фактор саналады. Осыны ескергендіктен, көбі барлық қатаң режимді сақтайды. Бұл – аксиома.

Алина Дауранова 1000 метр қашықтықты 1 минут 17,98 секундта бағындырып, ешкімге тең келмеді. Оның артында Пиен Херсман (Голландия) мен Серена Пергер (Италия) мәреге жетті. Сонымен қатар, жас қазақстандық осы бағдарлама бойынша әлем чемпионатының жалпы есепте жеңімпазы атанды.

1000 метр ұзақтыққа өнер көрсету оңай емес. Кей жағдайларда құлап-сүрініп жатады. Мұндай үлкен сәтсіздіктен кейін спортқа қайта бет бұру оңайға соқпайды. Сондықтан аңғарымпаздық қажет. Осындай келеңсіз сәттер әлемдік жарыстарда болған. Тіпті, дене жарақатын алып, майып болып қалатын тұстары да аз болмады. Осыны ескере отырып, ең үздік нәтиже көрсеткен қызымыздың жеңісін зор қуанышқа балаймыз.

ТЕННИС

Қазақстанда қанат жайып келе жатқан бірегей спорт түрі бар. Ол – теннис. Соңғы уақытта ересектер, жасөспірімдер арасында болсын, ылғи үздік көрсеткіштер жарқырап жүр. Демек, елде тағы бір сайыстың іргетасы мықты қаланып келеді.

Жерлесіміз Томирис Нұржан Барселонада өткен Open Banc Sabadell U-14 Champion турнирінің жеңімпазы атанды. Бұл – қазақ қызының алғашқы үлкен тенниске салған алғашқы ірі қадамдарының бірі. Алдағы уақытта бас жүлдені еншілеп, ел намысын жани түседі деген ниеттеміз.

14 жасар қазақ теннисшісі финалда жергілікті ойыншыны 6:4, 6:2 есебімен тізе бүктірді. Бұл туралы Қазақстан Теннис федерациясы мәлім етті.

Чемпионға сыйлықты Каталония мэрі тапсырып, оның жеңіске деген жігерін атап өтіп, жас теннисшімізді қолдауға дайын екендігін жеткізді. Осының өзі қазақтың жас өрендеріне деген игі құрметтің белгісі. Ол үшін Томирис жемісті әрі жеңісті сәтті көрсете білді. Сонау сан мыңдаған қашықтықта талмай, қысылмай, өзін еркін аша алып өнер көрсету нағыз жігерлілік деп білеміз.

Осы жеңісінің арқасында Томирис сегіз үздік тен-

ТОМИРИС – ЖЕҢІМПАЗ!



нисшімен бірге сәуір айында Барселонада өтетін жарыста өнер көрсетеді. Аталған дода АТР 500 турнирімен қатар өтеді.

СПОРТТЫҚ АТУ

НЫСАНА КӨЗДЕУДЕН ҮЗДІКПІЗ



Қазақстан спорттық ату түрлерінен Джакартада бірінші орын алды. Отандастарымыздың нысанаға көздеулері дөп түсті. Бір оқты қысық кетірмеуге тырысты. Бәрі дерлік «сен тұр, мен атайын» қағидатын ұстанған сияқты. Нәтиже – үздік.

Индонезияның Джакарта қаласында спорттық ату түрлері бойынша әлем кубогы мәресіне жетті. Жылдың алғашқы байрақты бәсекесі жерлестеріміз үшін жемісті болды, деп хабарлайды 24.kz.

Ұлттық құрама қоржынына 10 медаль түсті. Оның

3-еуі алтын. Атап айтқанда, шымкенттік Никита Чирюкин 25 метрден тапаншамен нысана көздеуде алдына жан салмады. Ал әйелдер арасында Арина Алтухова барлық мүмкіндігін ұтымды пайдаланып, ең үздік нәтижені тіркеді. Бұған қоса, қазақстандық қыздар да командалық сында топ жарды. Пневматикалық винтовкадан нысана көздеу бәсекесінде Александра Ле, Елизавета Безрукова және Анастасия Григорьева үштігі қорғаған болатын. Бұған қоса, ұлттық құрама спортшылары 5 күміспен 2 қола жеңіп алды. Бұл көрсеткіш жалпыкомандалық есепте бірінші орынға көтерілуге мүмкіндік берді.

Айта кетейік, әлем кубогының қорытындысы бойынша жақсы нәтиже тіркеген спортшыларға рейтингтік ұпайлар таратылды. Дәл осы тізім кейін Париж Олимпиадасының жолдамалары сарапқа салынғанда негізгі рөлді атқарады.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА



ЖҮЙРІКТЕР БАҚ СЫНАЙДЫ

«Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде өтетін турнирге 30-дан аса елден 500-ден астам спортшы қатысады.

Сөйтіп, ең жүйрік, топтан сәйгүлікше суырылып шыққан дардың бағы жанатын түрі байқалады. Әзірдің өзінде жан-жақтан жиналған желаяқтар жарысқа түбегейлі дайын отыр.

Inform.kz. дерегінше, 10–12 ақпан аралығында Астанада жабық алаңдағы жеңіл атлетикадан 10-шы Азия чемпионаты басталады. Жарыс 2023 жылы Азия жеңіл атлетика қауымдастығының күнтізбесіндегі ең маңызды іс-шаралардың бірі болып саналады.

Айта кетейік, жабық алаңда жеңіл атлетикадан Азия чемпионаты ТМД елдерінің аумағында алғаш рет өткізіліп отыр. Мұның шымалдығын еліміз ашқалы тұр. Бұл да қазақ спортының тарихында қалатын ерекше сәт болады. Ең бастысы, абыроймен шараны өткізу маңызды. Бір жағынан алып қарағанда, имиджде де өз есерін берері сөзсіз. Өйткені, мұндай ауқымды сайысты өткізуге құмар елдер жетерлік. Олар да өз жұртына мәртебе болуы үшін аянып қалмасы анық. Біздің жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар ұл-қыздарымыз бәрінен озытынына сенім мол.

Спортшылар жеңіл атлетиканың 26 түрінен өнер көрсетеді. Олардың арасында жүгіру, лақтыру, секіру және көпсайыс бар.

ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ:

Әйелдер:

1. Жүгіру – 60 м;
2. Жүгіру – 400 м;
3. Жүгіру – 800 м;
4. Жүгіру – 1500 м;
5. Жүгіру – 3000 м;
6. Кедергілермен жүгіру – 60;
7. Ұзындыққа секіру;
8. Биіктікке секіру;
9. Үш секіру;
10. Сырықпен секіру;
11. Ядроны итеру;
12. Эстафета – 4x400 м;
13. Бессайыс.

Ерлер:

1. Жүгіру – 60 м;
2. Жүгіру – 400 м;
3. Жүгіру – 800 м;
4. Жүгіру – 1500 м;
5. Жүгіру – 3000 м;
6. Кедергілермен жүгіру – 60;
7. Ұзындыққа секіру;
8. Биіктікке секіру;
9. Үш секіру;
10. Сырықпен секіру;
11. Гептатлон;
12. Эстафета – 4x400 м;
13. Ядроны итеру.

Жарыстың ашылу салтанатына Азия жеңіл атлетика қауымдастығының президенті Дахлан Әл-Хамад, Қазақстан Республикасы Жеңіл атлетика федерациясының президенті Даниал Ахметов, Азия Жеңіл атлетика қауымдастығы кенесінің мүшелері, Азия елдерінің ұлттық федерацияларының басшылары, сондай-ақ еңбек сіңірген спортшылар мен Қазақстанның спорт қайраткерлері қатысады.



Бетгі әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ӨЗЕКТИ

СІЗ ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССИЗ

немесе ел арасында психологтарға бару ұят деп намыстанатындар әлі де бар

Алматы қалалық Психикалық денсаулық орталығының сенім телефондары «Республикалық психикалық денсаулықты сақтаудың бірыңғай ақпараттық қызметіне» қосылды. 3580 call-орталығының нөмірін теріп, алып шаһардың тәжірибелі клиникалық психологтарынан кеңес алуға болады.

Бұл пилоттық жоба Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы, Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы елдік кеңсесінің техникалық қолдауымен дүниеге келді. Алматы, Тараз және Семей қалаларында call-орталықтары жұмысын бастады.

Алматы қаласы, Жамбыл және Абай облыстарының Психикалық денсаулық орталықтары мен осы үш өңірдің Жастар медициналық орталықтарының қызметтері бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіріліп, халыққа психикалық денсаулық саласы бойынша ақпараттық қызмет көрсетіп жатыр.

Жалпы, Алматы қаласының Психикалық денсаулық орталығының сенім телефондары 2015 жылы жұмысын бастаған болатын. Алматылық психиатрлар тәулік бойы 1303 нөміріне хабарласқан қала және республика тұрғындарына кеңес берген. Сенім телефоны іске қосылған жылы 236 адам хабарласқан болса, 2022 жылы психологтар 6 мыңға жуық тұрғынның мұң-шерін тыңдап, қызмет көрсетіп, ақпараттық қолдау білдірген.

Бытыр сенім телефонына хабарласқандардың басым бөлігі әлеуметтік, тұрмыстық түйткілдер, отбасылық кикіл-жің, ерлі-зайыптылар, ене мен келін арасындағы дау-дамайды шешудің амалын сұраған және күйзеліске шипа іздеген. Бала-шағасы бағудан бас тартқан қарттар, төрт қабырғаға қамалып, жалғыздықтан торыққан мүмкіндігі шектеулі жандар, құмар ойынға тәуелді адамдар, онлайн несие алып, қарызға белшеден батқандар да сенім телефонына қоңырау шалған. Сонымен бірге, маскүнемдік, есірткіге тәуелді тұрғындар да емделудің жолдарын іздеп, психологтардың көмегіне жүгінген.

Енді қаңтар айынан бастап Алматы қаласының Психикалық денсаулық орталығының сенім телефоны 3580 call-орталығына қосылды. Күндіз-түні 20, 30, кейде 40-қа жуық тұрғын қоңырау шалынады екен. Олардың жас ерекшеліктері де әртүрлі.

Сізді мазалап жүрген жайттар болса, хабарласыңыз, қысылмаңыз, сізді ден қойып тыңдайтын, көмек қолын созатын мамандар бар.



МАМАН ПІКІРІ

Сапар РАХМЕНШЕЕВ, Алматы қалалық Психикалық денсаулық орталығының басшысы:

СЫРЫҢЫЗДЫ ШАШПАЙМЫЗ

Ел арасында психологтарға бару ұят деп намыстанатын адамдар әлі де бар. Тіпті, науқас туысының ақыл-есі кем немесе басқа да психикалық ауруға шалдыққанын туысынан жасырып, дертін асқындырып алып медициналық мекемелерге кеш жүгінген жайттар да аз емес. Сенім телефоны 8 жылда осындай психологиялық көмек жайлы қате пікір, теріс көзқарасты өзгертуге ықпал етті деп айтуға болады. Психиатриялық, наркологиялық қызметке мұқтаж тұрғындар психологтарға ағынан ақтарылып, көкейіндегі мәселесін таркатып, өзіне қажетті ақпаратты алады. Психологтардан денсаулық туралы ғана емес, әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қай мекемеге барып, қандай құжат алу керек деп те жиі сұрайды. Сенім телефонында кәсіби, тәжірибелі клиникалық психологтар еліміздің түкпір-түкпіріндегі халыққа қызмет көрсетіп жатыр. Біздің мақсатымыз да осы. Психологиялық көмек тегін және әр адамның сыры құпия сақталады.

МӘМС

Орталық қалалық клиникалық аурухананың хирургтары алғаш рет қатерлі ісікке хирургиялық операция жасады. Бұл операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатының есебінен жүргізілді.

АЛҒАШҚЫ ОТА ауыр да болса сәтті өтті



Орталық қалалық клиникалық ауруханаға 73 жастағы пациент асқазанынан қан кетіп, өте ауыр халде түскен. Барлық қажетті тексерістен кейін оған ұйқы безінен өскін анықталып, асқазанның қатерлі ісігі диагнозы қойылған. Өскіннің көлемі тым үлкен – 6 см. Аса күрделі отаны PhD докторы Жасұлан Баймаханов қолға алды. Операция кезінде дәрігер пациенттің асқазанын, ұйқы безінің денесін және қалдықтарын, қоршаған жасушалары және лимфотүйіндерімен бірге көкбауырды алып тастады.

«Қатерлі ісік асқазанның эпителийіне зақым келтіріп, содан асқазан және көршілес ағзалардың тіндеріне өсе бастаған. Көбіне ұйқы безінің тіндеріне әсер еткен. Содан ұйқы безінің дисталды резекциясын жүргізу арқылы кеңейтілген гастроэктомиа жасалып, Цацаниди модификациясындағы Ру-ІІ-мөгіндегі эзофагоэуаноанастомоз жасалған. Бұдан әрі, тамақ қорыту қызметі үшін өңеш пен аш ішекті біріктірілді», – дейді Ж.Баймаханов.

Хирургтің айтуынша, аталған ауруханада мұндай операция бұрын-соңды жасалмаған. 4 сағатқа созылған ота сәтті аяқталған. Пациент 10 күннен соң амбулаторлық ем тағайындалып ауруханадан шығарылды. Ол енді химиотерапия курсынан өтеді. Осы орайда айта кететін жайт, онкологиялық аурулар бойынша диагностикалау, емдеу, сондай-ақ дәрілік заттар тегін медициналық кепілденген көмек аясында қарастырылады. Осылайша мемлекет әлеуметтік маңызы бар ауыр сырқаттарды емдеу жауапкершілігін өз мойнына алған.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЗАМАНАУИ ЕМХАНАЛАР мегаполисте екі амбулаториялық хирургия орталығы ашылды

Наурызбай ауданында №26 және №36 қалалық емханаларда заманауи құрал-жабдықпен жабдықталған екі амбулаториялық хирургия орталығы ашылды. Бұл туралы бізге Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі хабаралды.



Мұнда тері және жұмсақ тіндердің іріңді-қабыну; қолдың іріңді-қабыну ауруларына; тері және жұмсақ тіндердің қатерсіз ісіктеріне; терінің майлы тіндерінің қатерсіз ісіктеріне және бас, мойынның тері астындағы тіндеріне; тік ішек ауруларына (геморрой, анальды жарықтар, жедел парапроктит, полиптер); фуникулоцеле, фимоз, аяқ және қол саусақтарының флегмонасына, тері абсцесі, фурункул, 1-күрделілік дәрежесіндегі тік ішек тері асты-шырышты қабықша жыланкөзін кесу; анальді полиптерді алып тастау; асқынбаған созылмалы анальды жарықшақты кесу (сфинктеропластикасыз) сынды амбулаториялық оталар жасалады.

«Жоғарыда аталған манипуляциялардың барлығын орындау үшін науқас бір күн бұрын амбулаториялық тексеруден өтуі керек және барлық талдаудың нәтижелерін алғаннан кейін ғана оған хирургиялық көмек көрсетіледі. Отадан кейінгі кезеңде науқас бірнеше сағат бойы ота жасаған хирургтың бақылауында болады. Жағдайы қанағаттанарлық болған жағдайда науқас үйіне жіберіліп, таңу үшін емханаға келіп тұрады», – дейді Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының емдеу-алдын алу бөлімінің бас маманы Дәулет Асанов.

Амбулаторлық хирургия орталықтары емханалардағы хирургиялық көмектің жаңа деңгейі болып табылады.

«Көптеген отаны амбулаториялық негізде бір күнде жасауға болады, олар ұзақ қалпына келтіру кезеңін қажет

етпейді. Осылайша бұл тәжірибені енгізу арқылы қаламыздың ауруханаларындағы жағдайды «жеңілдету» мүмкін болады. Қазіргі күні Наурызбай ауданында №36 қалалық емханада және №2 қалалық емханада екі амбулаторлық хирургия орталығы жұмыс істейді. Қала тұрғындары осында МӘМС, ТМҚК аясында мегаполис емханаларынан алған бағыттама бойынша тегін және көршілес облыстардың тұрғындары ақылы негізде жүгіне алады», – деп атап өтті Дәулет Асанов.

Осы орайда айта кетейік, қазіргі уақытта қалада мемлекеттік емханаларда 8 амбулаториялық хирургия орталығы жұмыс істейді. Жақын арада тағы екеуі – №14 және №3 емханаларда ашылады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ПОЭЗИЯ

9 ақпан – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Мұқағалидың рухты, лирикаға толы өлеңдері ұлттық поэзияны жаңа бір белеске көтерді. Оның жырлары ел жадында мәңгі сақталады. Бұлай дейтінім, біздің өңірде әр баланың үйінде М.Мақатаевтың өлеңдер жинағы табылатын. Кішкентай кезімізден бірнеше өлеңін жатқа айтып, өзара жарысатын едік. Мұғалімдеріміз болса, үздік оқушыларды аудандық жарыстарға апарып, талантын ашуға тырысатын.

Деректерге сүйенсек, ақын бала кезінен өлең-жырға әуес болған. Соғыстан кейінгі кезеңдерде он-он бір жасынан бастап өлең жазу бастаған. Ақынның тұңғыш өлеңдері «Қырман басында», «Қойшы бала – Әкітай» аудандық «Советтік шекара» газетінде жарияланған. Алғаш Мұқағали талантын бағалаған Ә.Тәжібаев: «Өзіңнен де жігерлілеу, оттылау жас жеткіншек жеткенде, мақтанбасқа бола ма?!» деген екен. Оқушы, студент кезімізде ақынға еліктеп өлең-жыр жазатын жастар шыға бастады. «Болмасаң да ұқсап бақ» демекші, бүгінгі поэзияда ақынның үнімен үндес ақындарды да көруге болады.

Ақынның ғұмырлы поэзиясы бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналды. Ақынның «Қарлығашым, келдің бе?», «Дариға жүрек» «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің» (1975 ж.), «Соғады жүрек», «Шолпан», «Жырлайды жүрек», «Өмір-өзен», «Өмір-дастан» және т.б. жыр жинақтары, сондай-ақ, «Қош, махаббат!» атты прозалық кітабы да бар. Біршама өлеңдеріне ән жазылды. Өзін аудармашылық қырынан да сынап көрген Мұқағали Дантениң «Құдіретті комедиясының», «Тамұқ» деген бөлімін Шекспирдің «Сонеттерін», Уолт Уитменнің өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Мұқағалидың өлеңдері шын шабыттан, қиын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақын ұлы сезімге бас иіп, өз өлеңдерінде махаббат тақырыбын кеңінен суреттеген. Мұқағали атаның әр өлеңі өзінің мағынасымен, шынайылығымен, тазалығымен оқырманын өзіне баурап алады және ой салады десек, артық айтпағанымыз болар. Мұқағали ағамыздың әсерлі жырлары әр қазақтың жүрегіне жаулап алды. Сондықтан да осындай ақынына халқы «Ғасыр ақыны» деген ат берді.

Ақиық ақынның туған күніне Алматыда қандай іс-шаралар өтеді?



Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында «МУҚАҒАЛИ. МУЗАҒА...» атты әдеби кеш өтеді. Мұқағали Мақатаевтың сыршыл өлеңдерімен өрнектелген сахналандырылған көрініс әрбір көрерменнің жүрек лүпілінің қағысын қозғап, небір сырларға жетелері сөзсіз... Ақын шығармалары да лирикалық иірімдерге толы, қай өлең жолдарын алсаңыз да, «Жүрек» туралы нәзік үн тұрғаны қак.

Режиссері: Ф.Молдағали.

Күні мен уақыты: 9-10 ақпан, 15.00, 18.30.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұражайында 9 ақпан күні сағат 11.00-де Бөлтірік Атыханұлы атындағы №36 гимназия және «Еңбекші ауылының орта мектебі» КММ оқушыларының қатысуымен «Отаным, саған арнаймын...» кеші өтеді. Сондай-ақ, ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылады.



ҒАСЫР АҚЫНЫ



Тума таланттың әр өлеңі
өзінің мағынасымен,
шынайылығымен,
тазалығымен оқырманын
өзіне баурап алады

● БІР ДЕРЕК

Мұқағали Сүлейменұлының азан шақырылып қойылған аты – Мұхаметқали.

Бірақ «пайғамбар атын алып жүру жас балаға ауырлық етеді» деп есептеген ата-анасы оны кішкентай күнінен «Мұқағали» деп еркелете атап кеткен.

Анасы Нағиманның айтуынша, Мұқағали Алматы облысының Райымбек ауданына қарасты Қарасаз елдімекенінде 13 наурызда туған. Бірақ құжат бойынша 9 ақпан деп жазылып кеткен.

● ЕСТЕЛІК БЕТТЕРІНЕН

АҚЫН АРМАНЫ

...Мұқағалиға өте ауыр тиген, денсаулығына да көп әсерін тигізген қиын аударма – әлем әдебиетінің жарық жұлдызы, Италия перзенті Дантениң «Құдіретті комедия» дастанының «Тамұқ» бөлімін аудару болды. Бұл дастанды 1965 жылы бастап, 1966 жылы түнімен отырып аударып жүріп, екі жылда әрең аяқтады. Осы аудармада қатты қалжырап кетті. Мұқағали арманын сыртқа шығарып айта бермейтін. Осы Дантени аударып біткенде: «Дантениң Отаны – Флоренция қаласында болып, ұлы адамның жүрген жерлерін араласам!» деуші еді. Арман орындалған ба?!

ӨЛЕҢДЕРІНДЕ ШЫНДЫҚТЫ ПАШ ЕТЕДІ

1969 жылы 14 июньде Мұқағалидың бір топ өлеңдері «Қазақ әдебиетінде» жарияланды. Жазылған өлеңдерінің бәрі де ащы шындық еді. Сол өлеңдер жариялана салып, Жазушылар одағы өзінің бірінші секретарын шақырып, (бірінші секретарь Ә.Шәріпов) өлеңдерді дереу талқыға салды. «Өлеңдері күнгірт, көмескі, жұмбақ, пессимизмнен тұрады, күйреуіктік сарында жазылған» деп, газеттің басшылары Н.Ғабдуллинге, жауапты хатшы Ж.Тәшеновке «материалға жауапсыз қараған» деп шаралар қолданды. Осындай жаншу, жан-жағынан ши жүгірту, түрткілеу Мұқағали қатты жүдетіп жүрді. Бұл жайлар онның біреуі ғана.

(Лашын Әзімжанованың естелігінен,
«Мұқағали: Күнделік», Алматы, «ҚазАқпарат»,
2009 ж.).

АПЫРМАЙ, ТУҒАН ЖЕР-АЙ!

Апырмай,
Туған жер-ай!
Теңдесер кім,
Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,
Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім.
Жат көзімен қарайды адамдарын,
Жақын тартар құрбы да таба алмадым.
Жас отаудың есігін ашып қалып,
Айлап құрып, қайыра жаба алмадым...
Кел демеді немесе кет демеді,
Несін маған, білмеймін, өкпеледі?!
Сені сүйген жүректі, туған өлкем,
Сен өсірген біреулер жек көреді.
Туған елім,
Көрмесем сағынамын,
Кетсем ізім өзіңнен табылады.
Жасыра алман, ініңнің отауынан,
Ыстық маған атаның шаңырағы.

ЕЙ, ӨМІР

Дүниенің ағын да, қарасын да,
Мыңқ етпейсің, қабылдап аласың да.
Қарасымен шамаң жоқ таласуға,
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?
Жер мен көктің желпініп арасында,
Желігесің, түсесің қара суға.
Құйын құзан қаңбақтай аласұра,
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?
Мен отырмын теңіздің жағасында,
Бересім де жоқ оған, аласым да.
Мені тастап, толқындар, ағасың ба?
Толқынданып, өмірім, барасың ба?
Шаң шығарып ізінен құйындаған,
Барасың ба, өмірім, қиындаған?
Сыйын маған,
Ей, өмір, сыйын маған,
Сыйынды алам мен сенің бұйырмаған

МЕН СЕНІ САҒЫНҒАНДА

Мен сені сағынғанда,
Қарамай жауындарға, дауылдарға,
Қарсы қарап жүземін ағындарға,
Кеудемде қимылдаған жаным барда,
Мен сені сағынғанда,
Бір минут та қақым жоқ дамылдарға.
Мен сені қызғанамын,
Қызғаныштан мұз шайнап,
Тұз жаладым.

НЕ?

«Бес бойдаққа бір той»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма
театры.
Авторы: Тынымбай
Нұрмағанбетов.
Қоюшы-режиссері:
Әубәкір Рахимов,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.
Күні мен уақыты:
12 ақпан, 18.30.



ҚАЙДА?

«Бірге болу сезімі» көрмесі

Өтетін орны:
Әбілхан Қастеев
атындағы
ҚР Мемлекеттік
өнер музейі.
Күні мен уақыты:
Көрмені ақпан
айының 22-сіне
дейін тамашалай
аласыздар.



ҚАШАН?

«Дж.Верди. Опера «Аида»



Өтетін орны:
Абай атындағы
мемлекеттік
опера және
балет театры.
Спектакльде
үш үзіліс бар.
Күні мен
уақыты:
11 ақпан,
19.00.



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

БАЛЕТ – БЕКЗАТ ӨНЕР

Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында қазақтан шыққан тұңғыш балетмейстер Дәурен Әбіровті еске алу кеші ұйымдастырылды. Театр ұжымы көрермендерге «Бақшасарай бұрқағы» спектаклін ұсынды. 3 актілі балет-поэма 5 жылдық үзілістен кейін көрерменге жол тартты. 1934 жылы негізі қаланған театр елдің атын төрткүл дүниеге таныстырды. Ол жерде өнер көрсеткен корифейлерінің бірі Қазақ КСР Халық әртісі Дәурен Әбіров бар өмірін осы салаға арнады. Ол талантты биші, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби балетмейстер ретінде ел жадында мәңгі сақталады.



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

«Баяғыда анам әкеме: «Сен қазақ биін ұзақ жылдар бойы зерттедің. Енді диссертация жаз», – деді. Әкем ғылыми жұмысын сәтті қорғады. Әр қимылдың мағынасын тарқатқан «Қазақ биінің тарихы» атты кітап шығарды. Қыздар педагогикалық университетінде хореография кафедрасын ашты. Бұл кафедра кейін бірнеше педагогикалық жоғары оқу орындарында пайда болды», – дейді қызы Камила Әбірова.

Танымал балетмейстер Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында «Абай», «Біржан-Сара», «Бақшасарай бұрқағы», «Достық жолы», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Аққанат», «Бақыт жағалауы», «Қамбар – Назым» қойылымдарында бой көрсетті. Сол кездегі балеттерін көзкөргендер әлі тамсана айтады. Осыған қарап-ақ, көрерменнің ілтипатына ерекше бөленгенін білуге болады.

«Ол кісі тек балетмейстер емес, керемет биші. Оның ішінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде би ансамблінің құрылуына мұрындық болып, қазақтың би өнерінің өркендеуіне зор үлес қосқан жан. «Бақшасарай бұрқағы» – өте керемет балет. Көрерменнің



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.



сүйіп көретіні. Дәурен Тастанбекұлының қалай билейтінін білсін деген ниетпен «Бақшасарай бұрқағын» тарту етіп отырмыз», – деді Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрының директоры Нұрбақыт Бөкебаев.

Д.Әбіров ұзақ жылдар бойы балет сахнасындағы ең жарқын және талантты бишілердің бірі болды. Тума талант иесінің шығармашылық жолы – шеберліктің биіктігіне ұшқырлықпен шығудың үлгісі іспеттес, сахнаға әрбір шығуы жоғары кәсіби шеберліктің, әуезділіктің, сахналық көріктіліктің айқын көрінісі.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Қаныш»

Өтетін орны:
Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Режиссері: Еран Нұрмұхамбет.
Күні мен уақыты:
10-11 ақпан, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.



Жеке ән кеші

Өтетін орны: Республика сарайы.
Әртістер: Dastan Orazbekov.
Тұрақ: Бар.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас шектеулері: 7+.
Күні мен уақыты:
19 ақпан, 19.00.



«Мұқағали.
Мен деп ойла...»

Өтетін орны: Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры.
Режиссері: М.Тәуекелова.
Тұрақ: Бар.
Күні мен уақыты:
10 ақпан, 16.00.

Бетті әзірлеген Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
13 АҚПАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия
9.00 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Отыздан асып барамын» 5 серия
Күндізгі жаңалықтар
15.00 Дневные новости
15.30 Женский кино клуб
17.15 Женский кино клуб. «Тест на беременность» 12 серия
18.00 Шешімі бар
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Мамыр ханшайымы» 16 серия
21.00 Телехикая. «Есіктер-1» 2-3 серия
20.00 AQPAPAT
20.30 «AQORDA»
20.40 «ЖАН ДОСЫМ».
Сейдолла Байтерекөвті
еске алу кеші
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая. 141-бөлімі
(с субтитрами)
23.30 «Көңіл толқыны»
0.30 «Боксер».
Көркем фильм
(Қазақстан, 2021 ж.)
2.00 AQPAPAT
2.30 «Aqorda»
2.40 «Шаңырақ»
3.10 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Жұлдызым»
Мадина Сәдуақасова
08.00 «Көмбе»
08.40 «Дагун»
09.30 «Спорт әлемі»
10.00 Мегахит.
«Эффект колибри»
12.00 Мультфильм.
«Сила девяти богов»
13.45 Мультсериал.
«Алиса и Льюис»
14.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан 4»
17.00 «Маска»
19.00 Мейрамбек Бесбаевпен
«Covershow»
21.00 Ақпарат арнасы
«7 күн» сараптамалық
бағдарламасы
21.40 Тұсаукесер! «Қоғам»
22.00 Деректі фильм. «Бұл
осылай болған еді...»
22.35 Мегахит. «Время
возмездия»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»
08.30 Мультсериал
«Маша и медведь»

09.30 Готовим с Адель
10.00 «Алдараспан»
12.00 КИНО. «Зумрад және
Кыммат»
14.00 КИНО. Джет Ли в
боевике «Бесстрашный»
(повтор)
16.10 Анимационный фильм
«Творцы снов»
17.50 Анимационный фильм
«Корпорация монстров»
19.40 КИНО. Дуэйн Джонсон
в боевике «Сокровище
Амазонки»
21.40 КИНО. Крис Пратт,
Зои Салдана в
фантастическом
боевике «Стражи
Галактики»
00.00 «Bizdin show»
01.40 What's up?
02.30 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.35 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.25 «ПОЕХАЛИ!»
9.15 Игорь Лифанов, Мария
Куликова, Виолетта
Вакорина, Борис
Щербаков в фильме
«РАЗРЕШИТЕ ТЕБЯ
ПОЦЕЛОВАТЬ НА
СВАДЬБЕ»
11.00 «ВЕРНИ МОЮ ЖИЗНЬ».
Многосерийный фильм
Александр
Константинов,
Оксана Жданова,
Роза Хайруллина в
многосерийном фильме
«СУДЬЯ»
18.30 «АЙНА» бағдарламасы.
Тікелей эфир
19.00 «Х ФАКТОР».
Девятый сезон. ФИНАЛ.
Прямой эфир
20.50 Александра
Никифорова, Милан
Марич, Жанна Эппле,
Сергей Астахов в
многосерийном
фильме «ОБОРВАННАЯ
МЕЛОДИЯ»
23.00 «Х ФАКТОР». ИТОГИ
ГОЛОСОВАНИЯ.
ФИНАЛ. Прямой эфир
23.35 «ОБОРВАННАЯ
МЕЛОДИЯ».
Продолжение
Ночной кинотеатр.
Полина Максимов,
Любовь Аксёнова,
Риналь Мухаметов,
Кирилл Плетнёв в
фильме «БЕЗ МЕНЯ»
2.25 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.10 «АЙНА» бағдарламасы.
Тікелей эфир
3.40 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 4.25

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Jaidarman
08.40 Т/п «Алло, бұл кім?»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.40 Т/п «Регина+1»
10.45 Т/п «Реформатор»
Премьера!
11.00 Х/с «Сережки с
сапфирами»
14.50 Т/х «Пеленшеевтер»
17.00 Bile
19.00 Т/х «Сәке»
21.00 Шоу «Маска» 4 сезон
Премьера!
23.50 Х/ф «Основатель»
02.00 Т/п «Алло, бұл кім?»
02.20 Jaidarman
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ

07.05 «МЭССАҒАН»
07.50 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
08.40 «КТКweb» (қайталау)
09.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
(повтор)
09.30 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
11.00 «НЕРАСКРЫТЫЙ
ТАЛАНТ-2», детективная
мелодрама (повтор)
(худ.сериал)
15.00 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей
телехикаясы (қайталау)
17.20 «БУДЬ ЧТО БУДЕТ»,
мелодрама
(худ.сериал)
21.00 «КОШКИН ДОМ»,
детективная мелодрама
(худ.сериал)
00.50 «ДРУГИЕ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
02.30 «МАХАББАТ – ЖҰМАҚ,
ТӨРІНДЕЙ», көркем
фильм (өзбек худ.
фильм)
03.55-
04.40 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 «Қазақ футболының
шоқжұлдызы».
Дінмұхамбет
Сүлейменов.
Деректі фильм
07.50 КОНЬКОБЕЖНЫЙ
СПОРТ. Кубок Мира.
Мужчины 1500 м,
Женщины 500 м
08.50 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасы.
1/8 финал. ПСЖ
(Франция) – «Бавария»
(Германия)
10.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Павлодар» – «Алтай».
Тікелей эфир
12.55 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
13.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Ұшқын-Көкшетау» –
«Буревестник». Тікелей
эфир
14.55 ФУТЗАЛ. Қазақстан
Чемпионаты. 30 тур.
«Астана» – «Бәйтерек».
Тікелей эфир
16.45 «QAZSPORT алаңы»
ТОК-ШОУЫ
17.30 «THE RING».
6-бағдарлама.
(Бекман Сойлыбаев)
17.55 «SPORT REVIEW».
Апталық-сараптамалық
бағдарламасы
18.25 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Тараз» – «Атырау».
Тікелей эфир
19.50 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Куньлунь»
Ред Стар» (Пекин)
– «Барыс» (Астана).
Тікелей эфир
22.30 «SPORT REVIEW».
Апталық-сараптамалық
бағдарламасы

23.00 MMA. «ALASH PRIDE 78»
00.45 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
01.15 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
7.05 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
7.40 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
7.50 Анимация. Отандық /
«Ертемір»
8.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
8.40 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
8.55 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.05 «Ойна, ойла!» ойын-
сауықтық бағдарлама
9.30 «Зузудың достары»
Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
10.05 «Достық-жеңілмейтін
күш» Мультхикая.
10.35 Анимация. «Бөпе»
10.45 «Сынық сынып» ситком.
11.10 Анимация. Отандық /
«Батыл ұшқыштар»
11.20 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
11.55 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге»
танымдық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
12.35 «Дарын мен Айзере»
ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
13.15 Анимация. «Ертемір»
13.30 «Арктика
қорғаушылары»
толықметражды
мультфильм
15.00 «Нұрсәулем-ай»
би ансамблінің
шығармашылық
концерті
15.55 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
16.10 «Үйшіктер» Мультхикая.
16.35 «Зузудың достары»
Мультхикая.
16.50 Жаңа маусым!
Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
17.00 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
17.10 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық /
«Трансформер Тұлпар»
17.50 «Дарын мен Айзере»
ситком.
18.05 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге»
танымдық
бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.

18.30 «Достық-жеңілмейтін
күш» Мультхикая.
19.00 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
19.30 «Этикет әлемі»
танымдық бағдарлама
Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
19.45 «Сынық сынып» ситком.
20.25 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
20.45 «Ойна, ойла!» ойын-
сауықтық бағдарлама
21.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
21.35 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 «Арктика
қорғаушылары»
толықметражды
мультфильм
23.50 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Әйел тағдыры 3»
түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Условия контракта-2»
телесериал
12.00 «Мезгілсіз махаббат»
телехикаясы
20.00 «SaparTimes» апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
23.30 «Бизнес по-казахски»
Х/ф.
01.10 «Көкжалдар» Х/ф.

TALIM TV TALIM TV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің анам, менің әкем
09.55 Сау болайық
10.10 Жүйріктер –
мультфильм
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Тәтті time
13.10 Сау болайық
13.30 «Жанұя» – көркем
фильм
14.50 Ұлт саулығы
15.00 Айтыс Strike
17.00 Views
18.10 По душам
18.30 «Бабалар сөзі –
өсиет» – Терме
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Жыырма бесінші сағат
21.00 Идея
22.00 Orkeni style
22.30 «Әмиян» – Таласфильм
22.55 Views



«АЛАДДИН». Мультфильм.
«ҚАЗАҚСТАН» арнасы. Сағат 14.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
19 АҚПАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Балалар кино клубы
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 Жұлдызды такси
11.30 Концерт
13.30 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт.
20.30 Тұсаукесер! Айтыс.
«Біржан – Сара ізімен»
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Бақытты отбасы
2.30 Алматы тұнған тарих
2.55 Алматинские истории
3.20 Алматы кеші
4.10 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күміс көмей»
7.45 «Тұлға»
8.20 «Ақсауыт»
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 Дисней ұсынады.
«Аладдин». Мультфильм (АҚШ, 1992 ж.)
13.20 «Әзіл әлемі»
15.20 Ақбота Керімбекованың концерті
17.25 «Әйел әлемі»
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.55 «НАРТӨУЕКЕЛ». Зияткерлік-сауықтық телевикторина.
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 «Көңіл толқыны»
0.40 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
1.30 «Ақсауыт»
1.50 «Әйел әлемі»
2.20 «Күміс көмей»
3.05 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Қазақтың жігіттері» Ернар Айдар
07.45 «Әке бақыты»
08.45 «Балақай»
09.30 «Спорт time»
10.00 Мегахит.
«Время возмездия»
12.00 Мультфильм.
«Белки в деле»
13.25 Мультсериал.
«Алиса и Льюис»
14.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан 4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Маска»
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың «Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный канал – аналитическая программа
«7 күн»
21.40 Премьера! «Общество»
22.00 «Отдел журналистских расследований»
Мегахит. «Слепой»
00.00 «Культурный контекст»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo» Т/эфир

09.25 Готовим с Адель
10.00 КИНО. «Зумрад және Кыммат» (повтор)
12.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
12.30 Анимационный фильм
«Творцы снов» (повтор)
14.10 Анимационный фильм
«Корпорация монстров» (повтор)
16.00 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Сокровище Амазонки» (повтор)
18.00 КИНО. Крис Пратт, Зои Салдана в фантастическом боевике «Стражи Галактики» (повтор)
20.00 «Миллионер каждую неделю». Тікелей эфир
20.03 КИНО. Крис Пратт, Зои Салдана в фантастическом боевике «Стражи Галактики» (повтор)
20.20 КИНО. Милла Йовович в боевике «Обитель зла. Последняя глава»
22.20 «Алдараспан»
00.00 What's up?
01.00 «31 әзіл»
02.00 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.20 «П@УТИНА» бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.10 Станислав Бондаренко, Светлана Смирнова-Кацагаджиева в фильме «РЕКА ПАМЯТИ»
10.50 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
11.25 «ОБОРВАННАЯ МЕЛОДИЯ». Многосерийный фильм
15.00 «X FACTOR». Девятый сезон
17.10 Инга Оболдина, Владимир Ильин, Виктория Исакова в фильме «ЖГИ!»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Мария Машкова, Виктор Васильев, Анна Иванова, Александр Пашков в многосерийном фильме «СОЛЕНАЯ КАРАМЕЛЬ»
0.35 «ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ СТРАНОЙ»
2.10 «П@УТИНА» бағдарламасы
2.55 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4.25

7-КАНАЛ

06.00 Т/х «Пәленшеевтер»
08.30 Т/п «Алло, бұл кім?»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/п «Измайловский парк»
12.00 Шоу «Маска»
15.00 Скetchком «Q-елі»
15.30 Т/х «Бастық боламын»
17.20 Алдараспан
21.00 Х/с «Шахматная королева»
01.00 Т/п «Алло, бұл кім?»
01.30 Алдараспан
04.20 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ

07.05 «НҰРСҰЛТАН НҰРБЕРДИЕВТИҢ ӨН КЕШІ»
08.10 «QZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-программа
10.40 «КОШКИН ДОМ», детективная мелодрама (повтор) (худ.сериал)
15.00 «СҮЙГЕН ЖҮРЕК», корей телехикаясы (қайталау)
18.40 «ЭНДЕР МЕН ЖЫЛДАР», ән шашу
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «БЫЛО ДЕЛО»
00.00 «ДРУГИЕ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
01.50 «МАХАББАТ – ЖҰМАҚ ТӨРІНДЕЙ-2», көркем фильм (өзбек худ. фильм)
03.20-04.40 «ЭНДЕР МЕН ЖЫЛДАР» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Куньлунь Ред Стар» (Пекин) – «Барыс» (Астана)
09.15 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық Лига. (Ерлер) 4 тур.
«Жайық» – «Тараз»
11.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
11.55 КОНЬКОБЕЖНЫЙ СПОРТ. Кубок Мира. Женщины 1500 м, Мужчины 500 м
13.00 КОНЬКОБЕЖНЫЙ СПОРТ. Кубок Мира. Мужчины 5000 м
14.05 КОНЬКОБЕЖНЫЙ СПОРТ. Кубок Мира. Женщины. Командный спринт
14.30 «СҰХБАТ». 10 выпуск
15.00 ДЗЮДО. Grand Slam
17.30 «Тұлға». И. Байрамуков. Деректі фильм
18.00 MMA. OCTAGON 41. Тікелей эфир
23.20 «THE RING». 7-бағдарлама. (Абылайхан Жүсіпов)
23.45 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының журналы
00.35 Өнұран

BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
7.50 Анимация. Отандық / «Ертемір»
8.15 «Үйшіктер» Мультхикая.

8.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.55 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.05 «Көңілді жексенбі» отбасылық бағдарлама
9.30 «Зузудың достары» Мультхикая.
10.00 «Найзағай мысық пен сиқырлы үй» толықметражды мультфильм
11.20 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.45 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
11.55 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
12.35 «Дарын мен Айзере» ситком.
12.50 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық / «Ертемір»
13.30 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
13.55 Анимация. Отандық / «Еркелер»
14.10 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
14.40 Анимация. Отандық / «Бабалар ізі»
15.00 «Нұрсәулем-ай» би ансамблінің шығармашылық концерті
15.55 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
16.10 «Үйшіктер» Мультхикая.
16.35 «Зузудың достары» Мультхикая.
16.50 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.00 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
17.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
17.50 «Дарын мен Айзере» ситком.
18.05 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» танымдық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.30 «Достық-жеңілмейтін күш» Мультхикая.
19.00 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
19.30 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
19.55 «Сынық сынып» ситком.
20.25 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.

20.45 «Көңілді жексенбі» отбасылық бағдарлама
21.15 Анимация. «Қаһарман»
21.35 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 «Найзағай мысық пен сиқырлы үй» толықметражды мультфильм
23.50 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Условия контракта-2» телехикаясы
11.00 «Бизнес по-казахски» Х/ф.
13.00 «Алдараспан»
16.20 «Құрақ» телесериал
18.00 «Рам и Лакхан» Индийское кино
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
00.00 «Пять причин не влюбиться в казаха» Х/ф.
01.45 «Көру керек!» бағдарламасы

TALIM TV TALIM TV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.10 Сау болайық
13.30 Автопортрет
14.10 Фибратты ғұмырлар
14.50 Ұлт саулығы
15.00 YouTube Times
16.00 ТамашаLike
17.00 Жамбы ату
17.40 Руханият
18.10 Бақытты отбасы
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
19.00 Talim Speakers
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Шабдалы – көркем фильм
22.00 Балалық шаққа саяхат
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views



«КЕЛІНЖАН» Телехикая.
«ХАБАР» арнасы. Сағат 14.00-де.



● ДӘСТҮР

«ҚАЛЖА, ҚАЛЖА ТҮБІ – ОЛЖА» анаға да, балаға да қуат сыйлайтын нәрлі ас туралы не білеміз?

Халқымыз қыз баланы болашақ ана ретінде қай кезде болсын, жоғары құрметтеген. Соған орай әйел кісілерге тән салт-жоралғылар қалыптасқан. Соның бірі – ана атанған келінге арнайы қалжа жегізу.

Қалжа дегеніміз – босанған келінге арнап байланған қой. Ал қалжалап беру – қазақтың дәстүрлі отбасылық салтындағы ғұрып. Босанған әйелге «Жас босанған әйелдің тісі әлсіз болады, түсіп қалуы мүмкін» деп суық ас жегізбеген. Енелер келініне қойдың егін ұсақтап тұрап, жас сорпамен терлетіп отырған. Жақсы қалжалаған келіннің сүйектері қақсамай, тістері түспей, буындары тез бітіп, алты күннің ішінде үй тіршілігіне араласып кететін болған. Қалжаға сойылған қойдың алты буыннан тұратын мойын омыртқасын бірінші күні келіннің өзіне тісін тигізбей, қолымен мүжіткен. Еттен тазарған жұлынды тік таяқшаға кигізіп, баланың мойны қатқанша керегенің басына ілген. Кейде ашқарақ, тамаққа өте сұғанақ жандарды көрсе, «шешесі қалжаға тоймаған ғой» деп әзілдесетін ырым бар. Сонымен, қазақтың осы дәстүріне сай, мейлі ол бай болсын, мейлі ол кедей болсын, әйеліне қалжа жегізетін. Тіпті, бұған өзінің шамасы келмейтін болса, ауқатты (дәулетті) адамдар қалжасын әкеліп берген. Өйткені, қалжа әкеп беру де сауабы үлкен іс саналаған.

Қалжаның күнделікті желінетін еттен айырмашылығы – ол жас босанған ана мен баланың сыбағасы. Әрі құрметті ас саналады. Қалжа, біріншіден, дүниеге келген нәрестенің құрметіне арналса, екіншіден, жас анаға дүниеге перзент әкелгені үшін арнайы сойылатын. Күнде келінге сорпасын ішкізіп, егін жегізіп отырғандықтан, жас босанған ана өзінің жоғалтқан күш-қуатын осы қалжа арқылы қалпына келтіреді. Босанғаннан кейінгі күтімге қалжаның тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Қалжа жеп, жас сорпа ішкен келіншектің сүті де маңызды, құнарлы болады. Баланың тез ет алып өсуіне әсер етеді.

Қалжа малын шалудың да өзіндік сыры, бөлекше қыры бар. Жол-жоралғысы бар. Өйткені, дүниеге бала әкелу қай анаға

болса да оңай шаруа емес. Баланы тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, соңында толғатып босанған әйелдің буын-буыны босап, екі жүз алпыс екі тамыры түгел ашылады. Ащы толғақтан әбден шаршайды, қалжырайды. Көп қан жоғалтады. Көңілін, жүрегін үрей билейді. Толғақ үстінде мың өліп, мың тіріледі. Ананың осындай қалжыраған күйін, әлсіреген жайын білетін ері әрі әйелдің денсаулығы үшін және нәрестенің аман-саулығы үшін бір малын қалжаға арнап соятын. Әйел қалжасын жесін, қалжырағанын бассын, кеткен қаны толсын, денсаулығы мығым болсын, сорпа-су ішіп күтінсін деп, қас-қабағын бағады, аялайды.

Қазақта босанған әйел «тозақтың есігін жеті ашып, қақпасын жеті қағып, «Алла, жаным» деп құлын даусы көкке жетіп, шыбын жаны тозақтан жаннатқа ауысады» деген сөз бар.

Сондықтан тіліміздегі «қалжа» сөзінің өзіндік мән-мағынасы жоғары. Қалжаны кей өңірлерде қыздың төркіні де әкеп

● ТӘМСІЛ СӨЗ

«Қалжалы бала – батыр, қалжасыз бала – қалжыр», «Әйел қалжадан ұлғаяды, ер олжадан марқаяды», «Қалжасы жарасқан әйелден қанжардай ұл өседі, қалжасыз әйелден қаншырдай қатқан қыз өседі», «Қалжалы әйелден олжалы ұл өседі», «Қалжа, қалжа түбі – олжа» деген тәрбиелі тәмсіл сөздер бар.

Ал кейде қазақ азаматтары бір-бірімен шекісіп қалған жағдайда қалжындасып «Менің де шешем бір қой қалжа жеген» деп, өзінің бойындағы қару-қайратын, азаматтығының өлшемін қалжамен білдірген. Демек, қалжа – ертеңгі күні баланың зор тұлғалы, сымбатты азамат болып өсуінің кепілі. Ал халқымыз әлдебір әлжуаз, қорқақ, қоянжүрек, жасықтарды көргенде «Әй, сенің шешен бір қой қалжа жемеген бе?» деп оған сын айтатын болған.

Қысқасы, қалжа – дәстүрімізде өзіндік орны бар ерекше ас. Анаға да, балаға да қуат сыйлайтын, ойды өсіріп, мінезді қалыптастыратын, Құдай Тағаланың бергеніне шүкірлік айтатын нәрлі ас.



беретін болған, бірақ қалжа, негізінен, келіншектің күйеуінің мойнындағы міндеті болып есептеледі.

Дереккөз:
«ДІН МЕН ДӘСТҮР
Тал бесіктен жер бесікке дейін»
II кітап Алматы, 2017.

● БАТА СӨЗ

Алдыңа келген ас екен,
Астың аты «қалжа» екен.
«Шілде теріңді» шығарар,
Ұлықпан тапқан дәрі екен.
Ер марқаяр – олжадан,
Қатын ұлғаяр – қалжадан.
Ақсарбас қойдың еті бұл,
Ішіп ал қалжа сорпадан.
Дәмді болсын асыңыз,
Аман да болсын басыңыз.
Қошқардай ұлдар туа бер,
Ғұмырлы болсын жасыңыз.
Бақытты болсын баласы,
Аман да болсын анасы.
Білімді болып ер жетсін,
Халықтың тақуа данасы.
Қалжалы әйел – олжалы,
Олжалы әйел – қормалы.
Туғаныңды құттықтап,
Туыстар тұр, міне, әлі.
Баланың бауы берік болсын,
Өзіңе, өміріңе серік болсын.
Маңдай бағы жарық болсын,
Елі сүйіп, қарық болсын.
Қалжадан – балаға «жетте» қонсын,
Бастағы бағы өзгеден өте қонсын.
Алладан тілеген бар тілек,
Айналып басыңа төте қонсын.

● ФИБРАТ

СӨЗ ТАРТЫСУ ЖҮРЕКТІ ҚАТАЙТАДЫ

Өзгенің кемшілігін бетіне баспай, орынсыз сөз қайтарудан тыйылу, үндемей қою адам бойындағы иманның кемелдігін көрсетеді. Әнас ибн Мәлік: «Сөз талас-тыруға дінде орын жоқ. Сөз тартысу жүректі қатайтады, кек және жеккөрушілік тудырады», – деген. Бейкүнә адам өзгелерді дұрыс жолға шақырамын деп сөз тартысуға кіріссе, бұл әрекеті оған күнә ретінде жетіп-артылады. Қарсы келуді, сөз тартысуды әдетке айналдырған адамның мінезі де жаман болады. Имам Ғазали: «Атын шығаруды ғана көздеген адам сөз тартыстырғанды жақсы көреді. Ал аты шығып танымал болу – апат», – деген.

Сөз тартысу – достың достығын азайтады, ал дұшпанның дұшпандығын арттырады. Момын адам тәкаппар емес, керісінше, салмақты болады, дүниелік істерде оңайлық көрсетеді. Дін істерінде дұрыс болады. Сөз таласпайды. Әнас ибн Мәлік: Бір күні біз діни мәселеде сөз тартысып жатқанымызда Алла елшісі жанымызға келді. Бізге ашуланғаны соншалық, ол кісінің дәл осындай ашулы халін бұрын-соңды көрмеген едік. Жанымызға келген аз елші: «Сөз тартысуды доғарыңдар! Сендерден бұрын келгендер осының кесірінен ғана құрып кеткен еді. Сөз тартысудың пайдасы жоқ, сөз таласу зиянды. Мүмін адам сөз тартыспайды» (Табарани).

Өзіңікі дұрыс бола тұра сөз тартысуды тоқтату, айтқаны қате бола тұра сөз тартысуды тоқтатудан қиынырақ. Осы тұрғыдан, айтқаны дұрыс бола тұра сөз тартысуды тоқтатудың сауабы да көбірек болады.

● ОРАЗА ҚАРСАҢЫНДА

ЕРЕЖЕП – РУХАНИ ДАЙЫНДЫҚ АЙЫ

Мұсылмандарда қасиетті 3 ай бар. Ережеп айы – қасиетті айлардың бастауы. Оның артынан іле-шала Шағбан және Рамазан айлары келіп жетеді. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы бұл айда игі амалдарға мол сауап жазылатынын, құлшылықтар мен дұғалар қабыл болатынын айтады.

«Ережеп – берекелі хәм ұлық ай. Бұл айда игі амалдарға мол сауап жазылады, құлшылықтар мен дұғалар қабыл болады. Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бес түн бар, онда дұғалар кері қайтарылмайды. Олар – Ережеп айының алғашқы түні, Шағбан айының жартысындағы түн, Жұма түні, Ораза және Құрбан айт түндері». Ғалымдардың бірі: «Ережеп – желге, Шағбан – бұлтқа, Рамазан жаңбырға ұқсайды. Ережеп айында дән егілмесе, Шағбан айында суарылмаса, Рамазан айында одан қандай егін күтуге болады» деген екен. Сол себепті, бұл айды барынша пайдалы өткізіп, ғибадат жасап, дұға етіп, араздасқандар бір-бірімен жарасып, татуласу керек. Алла Тағала баршамызға Ережеп айының игілігі мен



берекесін нәсіп етсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болғай. Әмин!», – деген Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

Ережеп (Ражаб) – Алла Тағаланың соғысуға, қан төгуге тыйым салған (Зұлқағда, Зұлхижжа, Мұхаррам, Ражаб) айларының бірі. «Ражаб» сөзі ұлықтау, құрметтеу деген мағынаны білдіреді.

Бетті әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

РОБОТТАР ЗАМАНЫ КЕЛЕ ЖАТЫР

XXI ғасыр сандық технология мен сервистік қызметтер дәуірі десек те...

Біздің заман өзгеше. Күніне түрлі жаңалық, түрлі өзгеріс болуда. Интернет алысты жақындатып тұр. Айшылық алыс жерден жылдам хабар алғызуда. Технология тілін білгеннің дәуірі жүріп жатыр. IT, электронды қызмет, сандық формация және т.б. дүниелер алға озды. Адам компьютерді ұршықша иіруде. Роботтар заманы келе жатқан сияқты. Бүйте берсе, ғарышқа қарапайым жандар өзінің жекеменшік құрылғысы арқылы ұшатын күн де алыс емес-ау?!

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Қазір барлық тірлік электронды форматта жүзеге асуда. Instagram, Whatsapp, Facebook, Viber сынды әлеуметтік желіні қолданбайтындар кемде-кем. Әр азамат цифрлық қызметтерді пайдаланатыны анық. Қағазбастылықтан арылып келеміз. Бұл процесс АҚШ, Оңтүстік Корея, Сингапур сынды озық технологиялы елдерде жолға қойылған. Үйден шықпай, кез келген төлемді қолындағы телефоны арқылы іске асырып отыр. Аяқ ауыртып, шаршап-шалдығудың керегі жоқ. Жалпы, әлем осы бағытқа қарай дендеп еніп бара жатқан сияқты. Осыған орай, электронды әлемнің құдіреті мен алдағы берер кәдесіне ой жүргіртуді жөн көреміз.

СМАРТ ҮЙ

Қазіргі заманның үйлері тым басқаша. Іргетасынан шатырына дейін ойластырылған. Жәй ғана жер жағдайына бейімделіп қоймаған. Қайта адамның ыңғайына қарай ойластырылған. Бір сөзбен айтқанда, ақылды үйлер саналады. Бұрын иесінің келгенін ит білетін. Алыстан сезіп, ойнақшып үретін. Бүгінде табиғаттың жанды заттары жансызға ойысқандай. Ендігі жерде үй иесі алыстан келе жатқаннан қақпа ашылады. Арнайы уақытқа қойсаңыз, сол уақытта жарық жанады. Төсек, кереует жиырылып, отыратын болсаңыз, соған сай қызмет қылатын түрі бар. Болашақта осы аталған дүниелер шытырман оқиғадағы фильм сюжетінің желісі емес, шынайы оқиға болатын жайы бар.

Баспана әрбіріміз үшін материалдық құндылық. Оның адам баласына қызметі зор. Соның уақыт ағымымен жетіліп өсіп-өркендегені куантады. Егер де үй иесін сезетін құрылғы жетіле түсер болса, нұр үстіне нұр болады. Осының жетістігін төмендегідей топтастырамыз.

**Дәлірек:**

- Ыңғайлы.
- Өмірді жеңілдетеді.
- Көңіл серпіледі.
- Үлкен көмек.

Біздің дәуіріміз ғылыми прогрестің алға серпілген шағы. Дәл осылай тұжырымдасақ, шатаспаймыз. Өйткені, адам осыған жақындап барады. Күн сайын қолайлылықты іздейміз. Барынша ыңғайлы ғұмыр кешкіміз келеді. Соның арқасында көңіліміз серпіле түседі. Ең бастысы, үлкен көмек. Әсіресе, жалғыз-жарым ғұмыр кешетін үлкен кісілер сырттан біреуді іздеп сабылмайды. Оның қызметін смарт үйдегі ақылды құрылғы атқарады. Бәлкім, ол роботтың баламасы немесе нақ өзі болар, онысын уақыт көрсетеді.

Бүгінгі таңдағы үйдің құрамында қойма, жертөле, гараж сынды дүниелерге де смарт сөзі қолданылып келеді. Таңертең гараждың есігі өздігінен ашылып, жеңіл көлігіңіз дайын тұрса, сіз барып отырып айдап кете берсеңіз, өте шарапатты болар еді.



СМАРТФОН

Қазір барлық істі смартфонмен тындырамыз. Әлеуметтік желі арқылы бар шаруаны шалқайтамыз. Қоғамдағы күрмеулі түйінді де пікір жазып шешуге тырысамыз. Барша фильмді осыдан көреміз. Қызық кино картина болса, соған үңілеміз. Тіпті, смартфонсыз күніміз атып, кешіміз батпайтын сияқты. Бала да, қария да телміріп барамыз. Сөйлеуден қалудамыз. Кісімен дастархан басында отырып телефон шұққайламыз. Кісінің көңілі үшін ғана қолымыздан әзер тастаймыз. Оның өзін қарсы тараптағы жан өтінгенде ғана істейміз.

Смартфонды қолданған жақсы. Оның еш сөкеттігі жоқ. Бірақ күн ұзаққа 5-6 сағат бас алмай отыра беру аурушаңдыққа ұшыратады. Ғалымдар компьютер алдында ең ұзақ дегенде 1,5-2 сағатқа отыруға кеңес береді. Соның арасында бірнеше рет 15-20 минутқа үзіліс жасаған абзал көрінеді. Өйтпесе, жүйке тозып, бел омыртқаның ауруына душар етеді.

Таңертең де кісіні смартфон оятатын болды. Жатарда қалың ұйқы құшағына енгенше қолдан тастаймыз. Үнемі басымыз ауырады. Кейде не айтып, не қойғанымызды аңғармаймыз. Ақпарат көп, сүзгі аз. Сондықтан ми тез шаршайды. Мұның да алдын алып, белгілі бір сәтте ғана телефон қолдану керек. Себебі, кез келген жаңа технологияның пайдасы мен зияны бірдей. Осыны естен шығармайық!

РОБОТ

Көкейді тескен бірнәрсе бар. Ол – робот. Адамның артықшылығы азайып, техниканың қуаты артты. Бұл да өзекті дүние. 2050 жылға дейін роботтехниканың қарыштап дамығанын көреміз. Олар Жапония, Оңтүстік Кореяда даяшы, ХҚКО маманы, аула сыпырушы, қоғамдық тәртіп сақшысы сынды бірқатар істерді атқарады. Бірақ пилоттық жоба ретінде қолға алынған.

Роботтың адамзатқа пайдасы мен зияны бірдей. Бұған талас көп болуы ықтимал. Дейтұрғанмен, жасанды интеллектен қашып құтыла алмайтынымыз анық. Сол себепті де, кәделі мен кедергі жақтарына назар аударамыз.

Пайдасы:


- Жәрдемші.
- Шаруаны жеңілдетеді.

Бағдарламамен басқарылады.**Зияны:**

- Кісіні жалқау етеді.
- Науқасқа душар етеді.
- Адамзаттың басқарылуынан шығып кетуі мүмкін.

Сонда да роботқа иек артамыз. Бар шаруаны жасайды деп сенеміз. Ең бастысы, темір құрылғыға бағдарлама орнатып қойсаңыз, бәрін жасайды. Алайда, бір күні адамның басқарылуынан шығып қалса, дүниені төңкереді. Ал оның залалы күллі дүниеге ауыр тиеді. Тым ақылды біреу, адамға бағынбайтын өздігінен шешім қабылдайтын тетігін ойлап тапса, оны қалай тоқтатасыз?!

Жасанды интеллект сезім, ойлау, көңіл күйді бере алмас. Оны жасап шығарған күні не болатынын кім білсін? Бірақ артық қыламыз деп тыртық қылып алып жүрмелік! Бұл дүниеде пенденің ойы ұшқыр. Табиғаттың заңдылығына сай болып, солай қалғанын қалар едік.

**● ТҮЙІН:**

Бұл ғаламда бар жаңалықты адам ойлап табу. Бір жағынан соның зардабын да тартып жатыр. Әлгі ойлап шығарылған заттар экологиялық тұрғыдан таза болмай тұр. Табиғи өнімнен алшақтап барамыз. Барша тұтынатын заттар жасанды. Сондықтан болашақты ойласақ, табиғи құбылыс үрдісін бұзбайық. Жасыл желекті отап, өзен-көлді құрғатып, орнына зәулім ғимарат, мекеме сала берудің қаншалықты қажеті бар. Заман дамыған сайын адам бір-бірімен қарым-қатынастан ажырады. Бәріміз әлеуметтік желіде біреу бір пікірді бастап жазса, солай ойлайтын жағдайға жеттік. Өркениеттің соңы неге апаратынын кім білсін?!

Біз өркениетке қарсы емеспіз. Ең бастысы, таразының басын тең ұстау керек. Сонда «құда да тыныш, құдағи да тыныш». Жер беті шытырман фильмдердегі «Зомбилер елі» емес. Жер жұмыр басты пенденің жарық әлемдегі жұмақ мекені. Осыны ұмытпайық. Бір сөзбен топшылағанда, шуақты күндер алда деп иланамыз.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Бас прокуратурада
діни экстремизм мен
терроризмге қарсы
іс-қимыл мәселелері
талқыланды

Соңғы жылдары елімізде прокуратура органдарымен үйлестіруімен құқық қорғау және арнайы органдар терроризм мен экстремизмнің алғы шарттарын анықтау және жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық базаны құру және жетілдіру бойынша елеулі жұмыс атқарылды.

Бүгінгі таңда интернет кеңістігінде радикалды идеялардың таралуы айтарлықтай қауіп төндіреді.

Құқыққа қарсы контенті бар сайттарды тексеру мақсатында 2017 жылы «Киберқадағалау» жобасы іске қосылды, оның нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар діни экстремизм мен терроризм белгілері бар 900 мыңнан астам веб-сілтемелерді бұғаттады.

Мысалы, 2022 жылдың соңында Бас прокуратура халықаралық террористік ұйымға қатысы бар жалған уағызшының «YouTube» бейнеконтентінің (шамамен 3 мың жазылушы және 5 мың қаралым) веб-сілтемесін бұғаттады.

Бұдан бөлек, Бас прокуратураның үйлестіруімен Ақтөбе облысындағы ҰҚК Департаменті «Telegram» месенд-жері арқылы «қарулы» жиһад материалдарын таратқан «Б» азаматына қатысты қылмыстық іс қозғады.

Сот үкімімен аталған адам ҚК-нің 256-бабы (терроризмді насихаттау) бойынша 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

ҚР БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 28 ақпанда, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1 кенсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 381 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1 кенсе немесе land@lmp.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 24 ақпан, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 28 ақпан сағат 9.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 985 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ.; Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmp.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 24 ақпан, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
депутаттарын сайлауға қатысты № 4, 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері
бойынша округтік сайлау комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлауға қатысты №4, 5 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 89-бабы 4-3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
4	Бертисбаева Шолпан Смагуловна	1956	Зейнеткер, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
4	Бишуинов Мирболат Мырзатаевич	1971	Журналистік зерттеулер агенттігінің төрағасы, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Ержанов Уразалы Сантаевич	1963	Каспий университетінің Жеке құқық ҒЗИ-ның ғылыми қызметкері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
5	Гасанов Рафаэль Руфикович	1996	«Жастарға жол» қоғамдық қорының, «Қазақстан Балалар үйлері түлектерінің» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, күрд

2023 жылғы 9 ақпан.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарын сайлауға қатысты №11, 17
бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау
комиссияларының хабарламасы

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлауға қатысты №11, 17 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтік сайлау комиссиялары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 104-бабы 6-1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына төмендегі кандидаттар тіркелгенін хабарлайды:

Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, сондай-ақ саяси партияға, қоғамдық бірлестікке қатыстылығы және қандай ұлт өкілі екені (кандидаттың қалауы бойынша)
11	Каракожаев Бейбитжан Токенович	1971	ҚР ІІМ зейнеткері, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
11	Карнакбаев Нурлан Тойбаевич	1975	«Алтай-БМ» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ
17	Моминбаев Жомарт Байзақович	1972	«Заманауи инновациялық технологиялар» ЖШС директоры, тұрғылықты жері – Алматы қаласы; партияда жоқ, қазақ

2023 жылғы 9 ақпан.



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖЫЛ ИЕСІ – КӨКШЕ ҚОЯН

кезегін асыға күтіп отыр

«Ақпан амалы» есік қағып тұр. Барыс жылы ақырын жылжып, тарих құшағына еніп барады.

«Ақпан амалы» осы айдың (Үттің) онында басталып, он бесінде бітетінін өткен жолы жазғанбыз. Ақпан – қазақтың «ақ ықпа», яғни боран деген сөзінен шыққан көрінеді. Ақпан-Тоқпан есімді ағайынды екі жігіт кезекпен қой бағады екен. Ақпан қой жайған күні ауа райы кенеттен бұзылып, қоймен бірге далада қалып, үсіп мерт болған. Сол қыс жұтқа айналып, содан «ақпан амалы» қалған дейді халық аңызы.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ



Бір өңірлерде бұл амалды «Ақпан-дақпан» деп атайды. Ақпан-дақпан амалы өткеннен кейінгі үт (ақпан) айындағы ауа райын «түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз» деп атайды. Күннің көзі шуақтанып, ашық күндері түс қайта жіпсіп тұратын болған. Үт айының 15–17 шамасында жылымық болып, кейде аяқастынан жаңбыр жауып кететін кездері де кездеседі.

Ай ортасынан ауа сырғақты қатты боран соғатын болған, ат құлағы көрінбейтін осы боранды күндерде қасқырлардың ұйығуы (ақпанның 17-сі мен 23-і арасында) басталады. Дала көкжалдары осы боранда жұптасып, 62 күннен соң қасқыр бөлтірігін өмірге әкеледі екен. Сырғақ деп бұршақтан кіші мұзды қар түйіршіктерін айтады. Көнекөз қариялар бұл амалдың атауын осы бөрілер мен сырғақты боранға байланысты «Бөрі сырғақ» деп атаған секілді.

Биылғы ақпан Алматыға «ақырып» келген жоқ. Жылы қабақ танытып (жоғарыдағы жауған қарларды есептегенде) келді. Аспан денелерінің қимыл-әрекеттеріне қарағанда, Алматыда өткен аптадағы жылылық әлі сақталатын сыңайлы. Бірақ күн ызғары оңтүстік өңірлерде аса көп байқалмағанмен, Арқада, байтақ еліміздің басқа да аймақтарында қарлы боран соғып, үскірік бөрідей ұлып тұр. Боранның салдарынан мектептерде сабақ уақытына тоқтатылып, кейбір бағыттарға баратын жолаушылар тасымалы уақытына жабылған...

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның – 9-ы. Қазақ есеп бойынша, енді төрт күннен кейін жаңа ай туады. Ай есебіне сүйенсек, бүгін 18-і. Қай жағынан алғанда да, айдың басы мен ортасына сәйкес келіп тұр. Бұл кезде ауа райында өзгеріс болатынын тәжірибе көрсетіп жүр. Демек, алдағы аптада, яғни 9–18 ақпан аралығында күн құбылмалы болады: жауын да, қар да, ызғар да, жылылық та көрініс беруі ғажап емес.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

АҚПАН АЙЫНЫҢ СОҢҒЫ ЖАРТЫСЫНДА:

- * Қыс қарсыз болса, жаз қуаң болады. Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты.
- * Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады.
- * Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады.
- * Ақпанның он бесінші жұлдызы – қыс пен көктемнің алғаш ұшырасатын күні.
- * Осы күнгі ауа райы қандай болса, көктем де сондай болады деп саналған.
- * Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады.

Аспан денелерінің белгілеріне сүйенер болсақ, алдағы аптада айтарлықтай, яғни ақпан амалында айтылғандай аяз, боран болмайтынға ұқсайды. Ақпан шаруаға жайлы болып (алматылықтар үшін) ақырын жылжып келеді. Күннің мерзімінен бұрын жылынуы тау өзендері мен сайларда су тасқыны болуына себепкер болуы мүмкін. Тауға шығып, сейіл құрғанда аса сақтық шараларын қолданған жөн. Төтенше жағдайлар департаментінің ескертпелеріне құлақ асқан абзал. Алда, айдың соңғы аптасында атакты – «Бөрі сырғақ» бораны бар екенін ұмытпайық, ағайын!

19 НАУРЫЗ 2023

САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ҚАҢТАР							НАУРЫЗ						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк	Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
16	17	18	19	20	21	22			1	2	3	4	5
23	24	25	26	27	28	29	6	7	8	9	10	11	12
30	31						13	14	15	16	17	18	19
АҚПАН							20	21	22	23	24	25	26
				1	2	3	27	28	29	30	31		
6	7	8	9	10	11	12	18.03.2023 ж. Тыныштық күні						
13	14	15	16	17	18	19	19.03.2023 ж. Дауыс беру күні						
20	21	22	23	24	25	26							
27	28												

20.01 – 08.02.2023 ж. сағат 18.00-ге дейін Кандидаттарды ұсыну

20.01 – 18.02.2023 ж. сағат 18.00-ге дейін Кандидаттарды тіркеу

18.02 сағат 18.00-ден – 18.03.2023 ж. сағат 00.00-ге дейін Сайлау алдындағы үгіт

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

19 НАУРЫЗ 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сайлауға қатысуыңыздың кепілі
Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз
болып табылады

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің
аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты
тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар
(әкімдіктер) жасайды

Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге
олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге
берген өтінішінің негізінде енгізіледі

Дауыс беру күні өзінің тіркелген жері бойынша
сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат

дауыс беру күніне
отыз күн қалғанда, немесе
2023 жылғы 17 ақпаннан
КЕШІКТІРМЕЙ

тиісті әкімдікке
өтініш беріп, өзінің нақты
орналасқан жері бойынша
сайлау учаскесінде
тіркелуге құқылы



Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген
жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды
және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне
енгізуді ұйымдастырады

ОСЫ ҚҰҚЫҚТЫ:



- 1 дауыс беру күні тіркелген жері бойынша
болмайтынын білетін азаматтар
- 2 басқа қаладан келген, арнаулы орта
және жоғары оқу орындарында оқитын,
жатақханалардан тыс тұратын студенттер
- 3 вахталық әдіспен жұмыс істейтін
азаматтар пайдалана алады

Азамат, біртұтас жалпыұлттық сайлау округін, сондай-ақ
бірмандаттық аумақтық сайлау округтерін ескере отырып,
сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕ ТІРКЕЛГЕН ЖЕРІҢІЗ БОЙЫНША
ЕНГІЗІЛГЕНІҢІЗДІ ТИІСТІ ӘКІМДІКТІҢ САЙТЫ
НЕМЕСЕ CALL-ОРТАЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ
ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

2023 жылғы 4 наурыздан
бастап

Сізге өз учаскеніздегі сайлаушылар
тізіміндегі деректеріңізді тексеру
мүмкіндігі берілетін болады

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы